

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 244 (9821) 1955 жылғы 11 декабрь Жексенбі

Шығуына 36 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

Кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жақсартып берейік

Кәсіп облысымызда бастауыш кәсіподақ ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары өткізіліп жатыр. Декабрь айының екінші жартысынан кәсіподақтардың облыстық, қалалық және жеке салалық комитеттерінің конференциялары өткізіле бастайды. Одақаралық облыстық конференция алдымыздағы жылдың март айында өткізілмек.

Кәсіподақ ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары — кәсіподақ ұйымдарының өміріндегі аса маңызды бұқаралық науқан. Бұл жыйналыстар Коммунистік партия мен Совет үкіметінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне еңбекшілерді бұрынғыдан да белсене жұмылдыруға көмектеседі.

Кәсіподақтар ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарының негізгі мақсаты — есеп беріп отырған мерзім ішінде істелген жұмысты қорытын, еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық мұқташын өтеу те қамқорлықты жақсартуға беру мәселелерін шешу. Өйткені өнеркәсіп орындарында, транспортта болсын, совхоз бен МТС-те болсын жұмысшы, қызметшілердің мәдени-тұрмыстық қажетін өтеу жөнінде қызмет ету кәсіподақ ұйымдары жұмысының да ең маңызды буыны болып табылатын.

Кәсіподақ ұйымдары еңбекшілердің социалистік жарысын өрістетуге басшылық етуге, өндіріс озаттарының тәжірибелерін кеңінен насихаттауға, коллективтің саналылығы мен еңбектегі инициативасын арттыра беруге, кәсіпорында жаңалықтарды қысқартып қолдап отыруға, сойтіп, еңбек өнімділігін арттыра беруге басшылық етуге тиіс.

Алайда, облысымызда өтіп жатқан есеп беру-сайлау жыйналысында байқалғандай, кәсіподақ ұйымдарының барлығы бірідей өздерінің бұл міндеттері өз дәрежесінде бола алмай отыр. Петропавл совхозы кәсіподақ ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында № 1 ферманың бұзау күтушісі Чернова жолдас былай деді:

— Мен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болдым. Москвадан қайта оралғаннан кейін, ауылда еңбекшілердің жұмысын жақсартуға берейік деген ниетпен кәсіподақ ұйымдарының жұмысын тексердім. Олардың еңбекшілердің жұмысын жақсартуға берейік деген ниетімен кәсіподақ ұйымдарының жұмысын тексердім. Олардың еңбекшілердің жұмысын жақсартуға берейік деген ниетімен кәсіподақ ұйымдарының жұмысын тексердім.

Бізге алдыңғы қатарлы заводтар, фабрикалар, фермалар, МТС-тер, сол сияқты өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары аз емес. Кәсіподақ ұйымдары осылардың тәжірибелерін терең зерттеп, көпшілікке таратып отыруға тиіс.

Сол сияқты, кәсіподақ ұйымдары өндіріс кеңестерін өткізуге үнемі жанды басшылық жасап отыруы керек. Өндірістік кеңестерде жаңа техника мен технологияны жете меңгеру, шығарылатын өнімнің сапасы, өнімнің өзіндік құнын кеміту, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру жөніндегі мәселелер жиі талқылануы тиіс.

Жоғарыда атап өткендей кәсіподақ ұйымдарының басты міндеттерінің бірі — еңбекшілерді мәдени жағынан қамтулы тыңғылдықты ұйымдастыру. Алайда, көптеген кәсіподақ комитеттері мәдени-ағарту жұмысының маңызды мәселелерін естен шығарып, клубтардың, қызыл мүйіздердің, кітапханалардың, көркемөнер дарындары үйірмелерінің жұмысын жақсарту жөнінде жеткілікті дәрежеде қамқорлық жасамайды. Мұндай кәсіподақ ұйымдарының бірі Булаев астық совхозының жұмысшылар комитеті болды. Оның бұрынғы председателі Панков жолдастың ұйым жұмысын бетімен жіберуі салдарынан мұнда жұмысшыларды мәдени қамту жөнінде мардымды ештеңе істемеді. Сондықтан да кәсіподақ мүшелері өздерінің жуырда болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында Панков жолдасты жұмысшылар комитетінің председателдігіне сайламай тастады.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарында кәсіподақ ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің беті ашылууда. Сол сияқты, кәсіподақ мүшелері жұмыста орын тепкен кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетуде.

Бұл күндері облысымыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері аса жауапты кезенді бастан өткізуде. Демек олар қолғабыз қалды қыстап шығынсыз жүйлі шығару және тракторларды, ауылшаруашылық машиналарын көктемге толық жабдықтауға берейік деген ниетпен кәсіподақ ұйымдарының жұмысын тексердім. Олардың еңбекшілердің жұмысын жақсартуға берейік деген ниетімен кәсіподақ ұйымдарының жұмысын тексердім.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индияда болуы

ДЖАЙПУР, 8 декабрь. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев 7 декабрь күнін Дамодар өзенінің алқабында (Батыс Бенгалия мен Бихар штаттары) өткізді. Бұл жаңа Индияның индустриясын өркендетудің негізгі ауданы, мұнда мемлекет осы индустриялы өлкені онан әрі өркендету ісін ынталандыру және оның өсістері мен елді пункттерін су тасқындарынан қорғау мақсатын көздейтін энергетикалық және ирригациялық құрылыстың комплексті жобасын жүзеге асыруда.

Дамодар алқабындағы шағын қалалар мен деревнялардың бүкіл халқы совет басшылары мен олардың қасына өрген адамдарды олар автомашиналарға мініп Асансол аэродромынан Читтаранджан паровоз жасау зауытына кетіп бара жатқан кезде қарсы алды. Осы арада Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевке көрсетілген қарсы алу көпестігі өркені жылы шырайлы және шын ықласты болды. Жолдарда жыйналып тұрған Дамодар алқабының тұрғындары қонақтарды мынадай ұрандар айтып құттықтады: біздің бауырларымыз — орыстар жасасын! Индия және совет халықтарының достығы жасасын!

Барлық жерде де арқалар орнатылып, жалаулар ілінген. Асансолдан Батыс жаққа апаратын тас жол заводтардың, шахталардың, жұмысшы поселкелерінің, электр қуатын беретін жоғары вольтті диниялардың қасынан өтеді. Аса зор ағаштардың көлеңкесі түскен жасыл жазық далада заводтардың түтіні будақтаған трубалары бірінен соң бірі көрінуде.

Читтаранджандағы мемлекеттік паровоз жасау зауыты бірінші паровозды 1950

жылы 1 ноябрьде жасап шығарған. Ал, Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганин заводта болған күні завод өзінің 300-ші паровозын жасап шығарды. Кәсіпті заманғы кәсіпорынға әбден айналған бұл завод істе қосылу дәуірінен анағұрлым алға басқан, өндіріс қарқыны күшейіп, кәсіпті уақытта завод жылына 140 паровоз жасап шығаруда. Заводтың жобадаты тәлім қуаты әлі пайдаланылған жоқ. Завод біріншілік жүк паровоздарын жасап шығаруда, әрқайсысының қуаты біржарым мың аттың күшімен тең мұндай паровоздарға Индияның мемлекеттік темір жолдары кәсіп ерекше мұқтаж болып отыр.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев жолдастар заводты аралап көрген кезде олардың қасында Батыс Бенгалия штатының бас министрі Б. Ч. Рой бірге еріп жүрді. Кәсіпорынның директоры Карнай Сингх түсініктер берді. Қонақтарға заводтың ішкі ыстық кую, ұста цехтары, котел, дөңгелек цехтары және завод жасап шығарған 300-ші паровоз өзінің қақпасында тұрған негізгі құрастыру цехы көрсетілді.

Заводтан көтер алдында Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганин дирекцияның үйінде болып, Индияның патриоты және елдің тәуелсіздігі жолындағы күрескер Д. Читтаранджан Дастың (1870 — 1925 жылдар) ескерткіш бюстіне венюк қойды. Бұл завод және оның төңірегіндегі үлгілі жұмысшы поселкесі оның есімімен аталған. Жұмысшылар мен қызметшілер Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті асқан жылы шыраймен құттықтады.

Батысқа қарай ілгері бара жатқан жолында советтік қонақтар Дамодар алқабындағы ең ірі гидроэнергетикалық құрылысқа — Дамодардың саласы Баракер өзенінде салынып жатқан Майтхон плотинасында болды. Осы жерде, Батыс Бенгалия мен Бихар штаттары арасындағы шекарада қонақтардың көз алдында құрылыстың панорамасы: топырақтан үйілген плотина, биіктігі 162 фут су қотарғыштың бетоннан құйылған қабырғасы, қуаты 60 мың киловатт болатын болашақтағы жер астындағы су-электр станциясының құрылыс алаңы, одан әріректе — Баракер өзенінің суын бұрған жер астындағы каналдың аңғары көрінді.

Майтхон плотинасы — Дамодар алқабының корпорациясы салынып жатқан бірінші кезектегі төрт плотинаның ішіндегі ең үлкені; бұл плотиналардың екеуі — Конар мен Тилая кәсіптің өзінде салынып болған. Бұл құрылыстардың су тасқындарына жол бермеу үшін және Дамодардың алқабын электрлендіру үшін шешуші маңызы болады.

Баракер өзенінің ең жақ жағалауында, Майтхон плотинасы құрылыс алаңының орталығында Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті Бихар штатының губернаторы Р. Р. Дивакар мен «Дамодар алқабы корпорациясы» председателі П. С. Рау жүздеген құрылыс жұмысшыларының қатысуымен қарсы алды. Олар қонақтармен бірге Майтхон поселкесіне дейін келіп, осында, Бихардың губернаторы олардың құрметіне қабылдау ұйымдастырды. Майтхон плотинасының құрылысында істейтін мамандар және корпорацияның чиновниктері советтік қонақтарға таныстырылды.

Хрущев пен Булганин жолдастар қасына келіп, осында, Бихардың губернаторы олардың құрметіне қабылдау ұйымдастырды. Майтхон плотинасының құрылысында істейтін мамандар және корпорацияның чиновниктері советтік қонақтарға таныстырылды.

Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганиннің Джайпурда болуы

ДЖАЙПУР, 8 декабрь. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Джайпурға баруы бұл өзінің өзгешелігі жарынан қайталанбайтын ескі заманғы қаланың жарты миллион халқының мейрамына айналды. Бұл қала Улы Моголдар империясының күні өтіп бара жатқан дәуірде — XVIII ғасырдың бас

жылы жыйналды. Иллюминация жасалып, түрлі түсті шамдармен безелген, жас гүлдер оралған мінбеден қонақтарды штаттың бас министрі М. Л. Сукхадия құттықтады.

— Раджастан халқының атынан, — деді ол, — менің сіздерге тарихи — Джайпур қаласына келулеріңізге байланысты шын

ротехникалық шара (2-бет).
ҮГІТШІЛЕРГЕ КӨМЕК: Ж. Аралбаев. — Советтік патриотизм — Совет Одағы күшінің қайнар бұлағы (2-3-беттер).

А. Викентьев. — Мектеп оқушыларына политехникалық білім беру (3-бет).

З. Юркевич, Н. Огнянник, Ә. Сүлейменов. — Бүгінгі талап тұрғысынан. (3-бет).

И. Пасечный. — Тәрбие аясында (4-бет).

СССР Сыртқы Істер Министрлігінде (4-бет).

Совет-Бирма экономикалық қатынастары жайында. (4-бет).

Г. Нұрмолдин. — Қуаныш әкелген почтальон (4-бет).

Шетелдік хабарлар (4-бет).

на өрген Бихардың губернаторымен бірге Майтхоннан шығып батысқа. Дамодар алқабының жаңа өнеркәсіп орталықтарының бірі — Синдрия қарай онан өрі жүріп кетті. Синдрия Индия өзінің тәуелсіздігіне жеткеннен кейін жасанды тыңайтқыштардың ірі заводы салынған. Қонақтардың жолы Бихар штатының өмірлі ауданы, көптеген шахталар мен заводтар арқылы өтті. Индия шахтерлерінің Дханбад, Джархия және басқа поселкелері түрлі түсті шамдар жағылып, әшекейленген. Бүкіл халық қонақтарды тас жолдың екі жағында күтіп тұрып, оларды қызу құттықтады. Барлық жерде де түрлі түсті шамдар жағылған арқалар орнатылған. Бүкіл ауданда халық мейрамдағыдай ерекше көңілді болды.

Синдрия Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті жасанды тыңайтқыштардың мемлекеттік зауытының бас директоры Нилкантан мырза қарсы алды.

Қонақтар бұл күнді Синдрия өткізді. 8 декабрьде таңертең олар 1951 жылы іске қосылған және жылына 350 мың тонна азот тыңайтқыштарын өндіріп отырған ең жаңа кәсіпорынды — жасанды тыңайтқыштар зауытын аз уақыт аралап көрді. Бұл заводтың салынуы Индияны жасанды тыңайтқыштар саласында шетелдік тәуелділіктен едәуір дәрежеде азат еткен.

Заводты аралап көру аяқталғаннан кейін Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин және олардың қасына өрген адамдар Асансолға қарай кейін қайтып, бұл арадан Солтүстік-Батыс Индиядағы Раджастан штатының астанасы — Джайпурға ұшып кетті.

Джайпур халқының бүкіл Раджастан халқымен бірге өзінің тәуелсіздігін ұзақ уақыт бойы қаһармандықпен қорғап келгені және Индияның тәуелсіздік жолындағы күресінің тарихына көптеген даңқты беттер жосқанын біз білеміз. (Қолшақтау). Раджастан халқының қатал талға қарсы қандай ерлік күрес жүр

тәжірибесін жолдастарыма айтуды өз бо-
рышым деп санап, совхоз дирекциясынан,
жұмысшылар комитетінен өз ойымды жү-
зеге асыруға жөкеңтесуді сұрадым. Бірақ
өтінішім аяқсыз қалды.

Осы кішкене мысалдың өзі ғана кейбір
шаруашылық басшылары мен кәсіподақ
қызметкерлерінің озаттардың тәжірибесін
насихаттауға үстірт қарайтындығын ай-
қын аңғартады.

Сол сияқты Тимирязев атындағы астық
совхозының тракторшысы Хачаев жолдас
жұмысшылар комитетінің совхоз жұмыс-
шыларының социалистік жарысын ұйым-
дастыруға немқетті қарап отырғандығын,
осының салдарынан совхоз жұмысшыла-
рының жарысы қағаз жүзінде ғана жа-
зылып, шынында нәтижелі іс істелмеген-
дігін айтты.

Міне, бұл сияқты фактілер, бірқатар
кәсіподақ ұйымдары басшыларының өздері-
нің тән жұмысы — коллективте социа-
листік жарысты ұйымдастыра алмай, бұл
жөніндегі өздерінің жауапкершілігін ұмыт-
қандығын дәлелдейді.

да совхоздар мен МТС-тердің кәсіподақ
ұйымдарына зор міндеттер жүктеледі.
Олар малшылар мен жөндеуші механизма-
торлардың социалистік жарысын ұйымда-
стыра біліп, мал қыстату мен ауылшар-
уашылық машиналарын жөндеу жұмыста-
рының сапалы аяқталуына жетісулері ке-
рек.

Кәсіподақ ұйымдарын басқаруға жаңа
келген қызметкерлер есеп беру-сайлау
жыйналысында болған сын пікірлерге
құлақ асып кәсіподақ мүшелерінің ұсы-
ныстарын жүзеге асыру жөнінде қажетті
шаралар қолдануға тиіс.

Кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жақ-
сартудың ең басты шарты — оларға пар-
тия ұйымдарының күнбе-күн нақтылы
басшылық жасап отыру. Олай болса, пар-
тия ұйымдары кәсіподақтардың фабрика-
зауд, жұмысшы комитеттеріне өзінің
басшылығын бұрынғыдан да жақсартып,
әрбір кәсіподақ ұйымының өзінің алда
тұрған міндеттер дәрежесінде болуына
жетісу.

КПСС XX СЪЕЗІНЕ ТАРТУ

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

«Молот» кәсіпшілік артелінің коллективі өнеркәсіпті өрге бастыру және техникалық прогрессті дамыта беру жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде 1955 жылға белгіленген өндірістік тапсырма 25 ноябрьге дейін толығымен орындалды.

Артель коллективі өндірілетін өнімдердің сапасын жақсартып отырып, жалпы өнім шығарудың 11 айлық тапсырмасын да асыра орындады. Алынған міндеттеме бойынша 1 миллион 928 мың сомның өнімін шығарудың орнына, 2 миллион 119 мың 700 сомның жалпы өнімі шығарылды. Ал товарлы өнім шығару жөніндегі жоспар 106,3 процентке жетіп отыр. Артель адамдары ассортимент жоспарын мүлтіксіз орындап отыруға ерекше көңіл бөліп отырады. Сондықтан да бізде шығарылатын өнімнің ең негізгілері: кровать, үй тұрмысына қажетті бұйымдар және құрал-саймандар шығару жөніндегі тапсырмалар айдан-айға табысты орындалып жүр.

КПСС XX съезін өндірістік зор тартулармен қарсы алуды ұйғарған жыйнаушы-слесарьлар Подлужный, Плесовских және штамповщиктер Нохрина, Полякова жолдастар сменалық өндірістік тапсырмаларын әрдайым 300-310 проценттен орындайды.

Л. ЭКШТЕИН,

қаладағы «Молот» кәсіпшілік артелінің
жоспарлау тобының жетекшісі.

Былғарышылар табысы

Петропавл былғары зауыдының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері КПСС XX съезі ашылу күні қарсаңындағы еңбек вахтасына тұрып, өнеркәсіп өнімін мейлінше молайта түсулі. Сонымен бірге, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын арзандатып келеді.

Завод коллективі Советтік Конституция Күні қарсаңында да табысты еңбек етті. Сөйтіп 11 айға белгіленген тапсырманы мерзімінен бұрын орындап, 500 мың сомның сапалы өнімін артық шығарып берді.

Былғары өндірушілер өндірістің күні осы уақытқа дейін пайдаланылмай келген ішкі резервтері мен мүмкіншіліктерін тауып, өндіріске пайдалана отырып, еңбек өнімділігін арттыра беруге жетісіп жүр. Елагина жолдас басқаратын тері бояу цехы бүкіл завод бойынша үздік алда келеді. Цех жұмысшылары түгелдей дерлік сменалық тапсырмаларын асыра орындайды. Осы цехтағы Шмаков жолдас басқаратын бригада коллективі жылдың өткен 11 айы бойына айлық тапсырмаларды 110 проценттен бірде-бір кем орындаған жоқ.

Завод коллективі өндіріс жұмыстарында қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, КПСС XX съезі ашылу күніне өздерінің лайықты өндірістік табыстарымен келмек.

Қ. ИСАЕВ.

және салып отырған екен.

Таңертеңнен бастап аэродромда және қалалар баратын тас жолдың бойында Раджастанның қызыл-жасылды киінген халқы қызу топырласып жыйнала бастады. Еркектер әртүрлі түсті тюрбандар киіген, әйелдер бүкіл денесін шәлі орнамамен орап алған. Қарсы алушылардың аэродромға ағылып келуі қонақтар келетін уақыт жақындаған сайын үдей түсті. Күнделі сағат 3-ке жақындағанда мұнда 200 мыңға жуық адам жыйналды. Аэродром мен қалалар баратын жол жатаулармен, тулармен, әртүрлі маталармен, гүл ораған аркалармен, қызыл маталар жасылған құттықтау ұрандарымен безелген.

Қонақтарды қарсы алу үшін Раджастанның раджапрамукхи (басқарушысы) — Джайпурдің махараджасы штаттың бас министрі Мохан Лал Сукхадия штат үкіметінің мүшелері, қаланың көптеген көрнекті азаматтары келді. Аэродромда құрметті қарауыл сап түзеп тұрды. Совет Одағы мен Индияның мемлекеттік гимндері орындалды. Джайпурдың тұрғындары советтік қонақтарды аэродромда және раджапрамукхидің резиденциясына барғанға дейінгі жолда қызу құттықтап отырды.

Қалалар келгеннен кейін қонақтар штаттың бас министрінің шақыруы бойынша ат ойынын көрді. Оған Раджастанның раджапрамукхи қатысты. Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев бұл дәстүрлік тамаша жарыста озып шыққандарға сыйлық тапсырды.

Мұнан кейін советтік қонақтар өздеріне арнап безендірілген машиналарға мініп, қаланы аралады. Көшеге шыққан бүкіл халық оларды құттықтап отырды.

Джайпурдың ескі заманғы орталық бөлегі Индияның ескі заманғы қала салу үлгісінің бір тұтас стилін сақтаған екен. Қаланың бұл ерекше жоспарланған және кең қабырғалармен қоршалған үйлерінің архитектурасы бір сияқты бөрі де қызығат түсті бояумен сырланған, әдемі ақ нақыштармен өрнектелген. Ескі заманғы орталықтың айналасында Джайпурдың жаңа ағаштарға малынған кәзіргі заманғы кварталдары созылып жатыр.

Джайпур — талантты Индия халқының тамаша қолөнерші шеберлері тұратын қала. Бірақ Джайпурдың сансыз көп қолөнершілерінің дүкендері бүгін жабық тұр, сауда жасалатын бұрыштар бос қалған. Қонақтардың келуіне байланысты қалада мереке деп жарияланыпты. Тұрғындардың бәрі негізгі көшелерге жыйналып, Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев жолдастарды құттықтады.

Рамнива паркінде Джайпурдың азаматтары Советтік қонақтардың құрметіне шақырылған митингке жыйналды. Парктің орасан зор алаңына Джайпурдың кемінде 300-мың азаматы және Раджастанның басқа қалалары мен селоларының тұрғындары

жүректен сәлем жеткізуге рұқсат етілді. Біз Раджастанға сіздердің келулеріңізді өте күткен едік, сондықтан да сіздерді зор ықыласпен және қуанышпен қарсы алып отырмыз. Сіздердің бүгін біздің арамсызға келгендеріңізге біз өте бақыттымыз. Сіздердің мұнда келулеріңіз ұзақ болмаса да мен сіздерді Индияның қарапайым адамының сіздерге деген және Совет Одағының ұлы халқына деген шексіз сүйіспеншілікке толы жүрегін ұғынады деп үміт етемін.

Бізбен дос ұлы ұлттың құрметті өкілдері және жөсемдері, мен сіздерді құттықтаймын, деді бас министр. Біздің қаламыз сіздерді адамзаттың гүлденуіне бастайтын жолдағы досы және жолдасы ретінде өзінде құттықтап отырғанды мақтаныш етеді. Сіздердің батыр халықтарыңыздың дүниежүзілік екінші соғыс кезінде қараңғылық күшіне қарсы жүргізген ерлік жүресін біздің отандастарымыз шексіз тілектестікпен және сүйсінгендікпен қарсы алды, бір өкінішті нәрсе, ол кезде біз тек қана құлданған елдегі дәрменсіз көріп қарап отырушы ғана едік.

Н. А. Булганиннің Джайпурдағы митингте сөйлеген сөзі

Бас министр мырза! Мәр мырза! Қымбатты достар!

Менің өзімнен, Никита Сергеевич Хрущев жолдасың атынан, бізбен бірге келген достардан, сан миллиондаған бүкіл совет халқынан сіздерге достық сәлем тапсыруыма рұқсат етіңіздер. (Қолшапалақтау).

СССР Ғылым академиясының бірінші орыс революциясының 50 жылдығына арналған жалпы жыйналысы

8 декабрьде Одақтар Үйінің Колонналы залында СССР Ғылым академиясының бірінші орыс революциясының 50 жылдығына арналған жалпы жыйналысы болды.

СССР Ғылым академиясының Президенті А. Н. Несмеянов өзінің кіріспе сөзінде былай деді:

— СССР Ғылым академиясының жалпы жыйналысын біз декабрь күндерінде, Ленин 1905 жылғы революцияның шыңы деп атаған қарулы көтеріліске 50 жыл толған кезде өткізіп отырмыз. Большевиктер басқарған, революциялық көтерілістің туын Мәскеудің батыр пролетариаты бірінші болып көтерді. Мәскеулықтардан кейін басқа өнеркәсіп орталықтарына қарулы қыр көрсетулер болды. Көтеріліс ке шыққан жұмысшылар баррикадаларға пайкастар жүргізді. Ол кезде олар жеңіске жете алмады. Көтеріліс басылып қалды.

Шешен бірінші орыс революциясы күндерінде самодержавиеге қарсы күресте өзі-

ның дәстүріміз бар. Мұны бізге өз отанымыздың әкесі — Махатма Ганди өсиет етіп қалды. Өзінің меншікті жолымен кетіп бара жатқан біздің Премьер-Министріміз ұлы ұстазымыздың ізін қуады. Бүгінгі күні дүние жүзінде болып отырған игі ниеттің орасан зор екендігі жағдайында, біз Индия мен Совет Одағы адамзат өмірінің марғасы мен туғасын сақтайтын бағалы нәрселер мен идеялардың бәрін қол ұстасып ойдағыдай қорғай алады деп сенеміз... Өз тарапымыздан мен сіздерді өздеріңіздің Индияда болуларыңыз туралы ең жарқын және бағалы оқығандар біздің есімде әрқашан да сақталады деп шын жүректен сөндірген болар едім.

Сіздер арқылы және сіздердің жолдастарыңыз арқылы ұлы Совет Одағының бізбен дос халқының бейбіт өмір сүріп, гүлдене беруіне шын жүректен тілектестігімізді және ең адал ниетті құттықтауымызды жолдау үшін осы жағдайды тағы да пайдаланып қалуыма рұқсат етіңіздер.

Митингте Н. А. Булганин жауап сөз сөйледі.

Қымбатты достар, Сіздердің жалынды құттықтауларыңыз және туысқандық меймандостығыңыз үшін сіздерге шын жүректен алғыс айтамыз. (Қолшапалақтау). Джайпур өткендегі даңқты тарихи дәуірдің қаласы ретінде, Индия сәулеткерлігінің тамаша өскерткіштерінің қаласы ретінде жұртқа мәлім болып отыр.

Бұл штаттың қуаныштылық болып тұратын аудандарын гүлдеген егін даласы мен бақтарға, халықтың әл-ауқатының қайнар бұлақтарына айналдыруына тілектестік білдіреміз. (Ұзақ қолшапалақтау).

Индияда болған кезімізде біз сіздердің ұлы еліңіздің көптеген қалалары мен аудандарында болдық. Біз көп нәрселерді көрдік және естіп білдік. Біз Индияның халқымен таныстық, ол бізді барлық жерде де достықпен құттықтады және совет халқына деген жалынды сүйіспеншілігін білдірді. (Ұзақ қолшапалақтау).

Сіздердің жылы шырайлы туысқандықпен қарсы алуыңыз бізді өте қатты сүйсіндірді. Біз мұны ешуақытта да ұмытпаймыз. (Ұзақ қолшапалақтау).

Индия мен совет халықтарының достығы — бұл тарихи зор жеңіс. Бұл достық бейбітшілік халықтардың соғысқа қарсы күресінде, бейбітшілік пен хауіпсіздік жолындағы күресте орнады. Біздің халықтарымыз арасындағы достықтың бейбітшілік күштерін онан әрі нығайта беру үшін орасан зор маңызы бар. (Қолшапалақтау).

Біздің елдеріміз арасындағы қатынастар «панча шиланың» белгілі бес принципіне негізделіп отыр. (Ұзақ қолшапалақтау). Совет Одағы бұл принциптерді берік ұстап келеді. (Қолшапалақтау). Біз Индия мен Совет Одағы арасындағы достық пен ынтымақтың біздің ұлы елдеріміздің пайдасына, бейбітшілік ісінің пайдасына ұлғайып, нығая беруін жақтап отырмыз. (Ұзақ қолшапалақтау).

Қымбатты достар, тамаша Джайпур қаласының, сіздердің штатыңыздың және бүкіл Индия халқының табыстарға жетіп, көркейе беруіне тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер. (Ұзақ қолшапалақтау).

Біздің елдің үлкен досы — суверенді және тәуелсіз Индия Республикасы өсіп, нығая берсін! (Ду қолшапалақтау).

Индия мен Совет Одағы халықтарының достығы жасасын! (Ду қолшапалақтау).

Н. А. Булганин өзінің сөзін аяқтай келіп, хинди тілінде ұран салып: хинди, руси — бхай, бхай! (индиялықтар мен орыстар — туысқан халықтар) деді. Бұл сөздерді жұрт қызу құттықтап, ду қолшапалақтады.

Митингтің соңында қонақтарға көптеген сыйлықтар Джайпур қолөнершілерінің — қолы алтын шеберлерінің, тоқы-машыларының, кестешілерінің, искусство шығармаларын, сол сияқты Раджастанның дәстүрлік киімдері мен тюрбандарын әкеліп тартты.

Джайпур азаматтарының митингісі кезінде бүкіл қала мейрамдағыша жарқыраған иллюминацияға бөленді.

Кейінірек раджапрамукх Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің құрметіне банкет берді.

(ТАСС).

С О В Е Т К Ұ Р Ы Л Ы С Ы

СОВЕТТЕРДІҢ ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ОРЫНДАЛУЫ ЖӨНІНДЕ

Сессияның және Совет атқомдерінің қаулылары олардың негізгі жұмысының бір түрі, коллективті ойдың жемісі болып табылады. Сессия, не Совет атқомінің мәжілісі шаруашылық, мәдени құрылыс мәселелерін талқылап, белгілібір шешімге келеді. Күн тәртібіндегі мәселе жан-жақты талқыланғаннан кейін оны жүзеге асыру жөнінде қаулы қабылданады. Қаулыда белгілібір міндетті жүзеге асырудың жолдары, әдістері, шешімдері және оған жауапты адамдар мен мекемелер, не ұйымдар белгіленеді.

Белгілібір мәселе жөнінде қаулы алу — істің бастамасы ғана. Егер селолық Совет және Совет атқомдері алынған қаулының орындалуын ұйымдастырмаса, оған депутаттар мен активтер арқылы еңбекшілер бұқарасын жұмылдырмаса, жақсы алынған қаулы іс жүзіне аспай, қағаз жүзінде қалып қояды. Сондықтан Совет атқомдері істің шешімі қаулы алуда емес, оны қатты қысыз жүзеге асыруда екенін баса өскеріп, сессияда, атқом мәжілістерінде алынған қаулылардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сессия, не Совет атқомінің мәжілісінде қаулы алғанда белгілі мәселе бойынша қабылданған қаулының қашан орындалуы керектігі, оған жауапты адамдар, мекемелер мен ұйымдар көрсетілуі керек.

Алайда бірқатар Советтер мен Совет атқомдері қаулы алуға қалай болса солай қарайды. Қаулы көбіне сауатсыз жазылады. Онда қаулының орындалу мерзімі, орындаушы көрсетілмей, жампылай міндеттер қойыла салады. Әрине, ешкімді де міндеттемейтін мұндай қаулының аяқсыз қалатынын өзінен өзі белгілі.

Мамлют ауданының Щучинск селолық Советінің кезекті сессиясы мал шаруашылығы жөнінде мәселе қарап, қаулы

алған. Қаулының бірінші пунктінде «Жаңадан төл үйін салу керек» делінген. Бұл төл үйі қашан салынуы керек, оны кім салуы керек, — ол қаулыда көрсетілмеген. Қаулының қалған пункттерінде де жалпылама міндеттер қойылған. Осы себепті сессия қаулысы іс жүзіне аспай, қағаз жүзінде қалып қойған.

Соколов ауданының Долматовск селолық Советінің кезекті сессиясы өзінің қаулысына былай деп жазған: «Шөп шабу науқанына нашар басшылық жасап, шешімді шаралар жолданып, қорамдық малды жемшөппен қамтамасыз етпеген селолық Совет атқомінің председатели Удорцева мен «Путь Ленина» колхозының председатели депутат Бегоненко жолдастардан жұмысқа басшылықты жақсарту, істегі кемшілікті жою талап етілсін».

Міне, бұл қаулыда да оның қай уақытта орындалуы керектігі, кемшілікті жою үшін қандай шараларды қолданудың қажеттігі, қаулының жүзеге асырылуын бақылау кімге тапсырылатыны айтылмаған. Қаулының жазылуы қандай болса, орындалуы да сол дәрежеден аспайды. Ақыры бұл қаулы да орындалмай, аяқсыз қалды.

Қабылданған қаулыны жүзеге асырудың шарты — оның орындалуын ұйымдастыра білуде. Сондықтан Советтер мен Совет атқомдері қабылданған қаулының орындалуын тыңғылықты ұйымдастырып, депутаттар мен активтерге, тұрақты комиссияларға сүйену арқылы оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Совет аудандық атқару комитеті өзінің бір мәжілісінде Аманкелді ауыл Советінде қорамдық малға жемшөп дайындаудың барысы жөнінде мәселе қарады. Атқом мәжілісі Аманкелді ауылдық Совет атқомінің председатели Мұқаметов жолдастан істегі

кемшіліктердің қысқа мерзімге жойылуын талап етті. Аудандық Совет атқомі мұндай қаулы алып, ауылдық Совет атқомінен талап етумен бірге, оған істегі кемшілікті жоюға көмектесуі керек еді. Істің жайы бұған жерісінше болып шықты. Аудандық атқару комитеті қаулы алса да, оның орындалуын тексермеді. Ал, ауылдық Совет атқомінің председатели Мұқаметов жолдас аудандық атқом қаулысының орындалуына депутаттар мен активтерді, ауыл еңбекшілерін жұмылдырмай, болмашы жұмыстармен қалаға жетіп қалды. Сөйтіп, қабылданған атқом қаулысы ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан іс жүзіне асырылмады.

Сондай-ақ, Соколов аудандық атқару комитеті (председатели Звягин жолдас) атқом мәжілісінде селолық Совет атқомдерінің председателдерімен және Совет атқомдерімен семинар өткізіп, онда Совет құрылысы тақырыптарына жеті лекция оқу жөнінде қаулы қабылдады. Аудандық Совет атқомінің, оның председатели Звягин жолдасының жақсы қабылданған қаулының жүзеге асырылуын ұйымдастырмағандығы себепті, ол орындалмады.

Қаулы қағаз жүзінде қалу үшін емес, орындалу үшін қабылданады. Сондықтан аудандық, ауылдық, селолық және поселкелік Совет атқомдері партия мен үкімет белгілеген жүрделі шаруашылық міндеттерін жүзеге асыруға ауыл шаруашылығы еңбекшілерін кеңінен жұмылдырумен бірге, өздерінің қабылданған қаулыларының орындалуына жетістік отыруы қажет.

И. ЛЕОНТЬЕВ,
облыстық Совет атқомінің
нұсқаушылар тобының меңгерушісі.
М. РАҚЫМОВ,
облыстық Совет атқомінің
нұсқаушысы.



Шығыс Қазақстан облысы. Заульба МТС-нің механизаторлары қостанайлық механизаторлардың бастамасына жауап ретінде тракторларды жөндеу жұмысын КПСС XX съезінің ашылуы күніне аяқтауға міндеттенді.

СУРЕТТЕ: күн сайын біржарым норма орындайтын Киров механизация училищесінің түлектері Николай Злобин мен Виктор Штайгер тракторлардың артқы мостын құрастыру үстінде.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

О БАҒАЛЫ ЖЕМШӨП

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Жетісудың колхоздары сауын малына берілетін азыққа сүрленген жүгері собығын қоса бастады. Бұл жағдай барлық жерде сүт өнімділігінің мықтап артуын қамтамасыз етті.

Панфилов ауданының «Красный Восток» ауылшаруашылық артелінің фермасында жүгері сүрлемі толтырылған цементтелген траншеяның алғашқы секциясы 20 октябрьде ашылды. Өнімділігіне қарай сыйырларға алғашқыда 10—12 килограмнан, ал кәзір 15—18 килограмнан қос иісті осы балғын жемшөп беріліп келеді. Екінші күннің өзінде-ақ алынған сүттің мөлшері бір литр, ал үшінші күні жемшілік сыйырлардың өнімділігі 2—2,5 литр артты. Енді ферма қабылдау пунктінде сүтті өткен жылғы октябрьдегіден күн сайын екі еседен аса артық тапсырады.

Әрбір қойдан
4, 6 килограмм жүн

Сұлжәл қой совхозында шаруашылық жылының қорытындылары шығарылды. Мөлшерлемесі 1.792 центнер жүн тапсырылды. Бұл — жоспарда белгіленгендегіден 144 центнер артық. Оны өткізуден төрт миллион сомнан аса табық алынды.

Шаруашылықтағы қойлардың саңы 40 мыңнан асады. Сұлжәлдің қойшылары бес жылдан бері көлемді селолық жұ-

Қысқы маңызды агротехникалық шара

Аса құрғақ климатты, ауылшаруашылық дақылдары үшін ең қажетті кезеңде жауын-шашын аз болатын біздің облысыяқты орманды және жазық аудандар үшін топырақта ылғал сақтауды молайта түсудің ерекше маңызы бар. Көптеген колхоздар мен тәжірибе мекемелерінің зерттеулері анықтағандай, дәнді және басқа егістік дақылдар топырақта ылғал мол болғанда ұзақ уақыт құрғақшылықтың өзіне жақсы төзе алады. Дала шөптері күйе бастағанда да ылғал жақсы тоқтатылған жерлерден едәуір өнім алынатындығы айқын. Бұған өткен жылдың тәжірибесі толық дәлел бола алады.

Өткен шаруашылық жылында біздің МТС қамтуындағы колхоздарда, бригадаларда егін шығымы ала болды. Мұның негізгі себебі ылғалдың әртүрлі болуында еді. 1955 жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы № 2 егіс бригадасы Н. Попов жолдас басқаратын трактор бригадасымен бірлесе отырып, 250 гектар алаңға екі қайтара қар тоқтатқан болатын. Ал, № 5 поезде зябье жыртылған 100 гектар жерге үш рет қар тоқтатылған еді. Күз мұның алғашқысының әрбір гектарынан 16,5 центнер, соңғысынан 19 центнерден өнім алынды.

Осы колхоздың № 3 егіс бригадасында егістік алаңдарға бір де рет қар тоқтатылмағандықтан егін жазғы қуаңшылыққа шыдамай, іле күйіп кетті де, өнім мүлде мардымсыз болды. Бұл сыяқты мысалдарды көптеген шаруашылықтардан келтіруге болады. Ылғал мол сақталған жерде өнімнің көп болатындығын табиғи қартоқтатқыш—орманды далалар маңындағы егістік алаңның өніміне қарай да білу оңай. Топырақты қосымша ылғалдандыру тек құрғақшылық жылдары ғана емес, жауын аз болғанда, тіпті жауын мол жылдардың өзінде өнімді көп алуға мүмкіндік беретіндігін 1954—1955 жылғы біздің МТС аймағындағы колхоздардың практикасы толық дәлелдеді. Мысалы, «Путь к социализму» колхозының № 3 бригадасында қар тоқтатудың жақсы жүргізілуі нәтижесінде бұлардан өнім басқа колхоздарға қарағанда 2—2,5 центнер артық алынды.

Осы жылы дала жұмыстары басталғаннан бері қар түскенге дейін құрғақшылық болып тұрды. Алдағы жылдың көктемінде дайындалған жерлер де, көпжылдық және күздік егілген алаңдар да қар түскенше жауын көрмеді. Сөйтіп жер құрғақ күйінде, қатпай жатыр. Кейбір қар аз түскен зябь қарадауылдармен жаңақаштанып, топырақ құрылымының күнары кеми түсуде. Сондықтан әсресе бийылғы жылы қар тоқтатудың маңызы орасан зор. Қар тоқтатудың барлық әдістері мен түрлерін, мүмкіншілігімен, сарқа пайдалану үшін аянбай еңбектену қажет.

Образцовая МТС-нің механизаторлары

қостанайлықтардың бастамасын қолдай отырып, алдағы жылы егістен өнімді мол алуды қамтамасыз ететін барлық жағдайларды іске асыруға міндеттенді. Қыс машина-трактор станциясы қамтуындағы колхоздардың егіс алаңына кемі үш рет қайталап қар тоқтату белгіленді.

Бұл тапсырманың мүлтіксіз орындалуы үшін жағдай жасалуда. МТС қамтуында әрбір колхозға—бір-бір трактор бригадасы бөлінді. Олардың қарауында 3—5 трактор бар. Әр бригада үшін күндік, бескүндік графиктер жасалды. Агрономдар агрегаттардың жүретін карта-маршрутын жасады. Барлық тракторларға екі-екі трактористен бекітілді, тракторлар жарықпен, жақсы, жылы кабиналармен қамтамасыз етілді.

Қардың қалыңдығы 7—13 сантиметрге жетісімен—ақ трактор бригадалары қар жұртуға кірісе бастады. Алғашқы екі күннің ішінде ғана Подоксенов, Сандрақ жолдастар басқаратын бригада 800 гектардан аса алаңға қар тоқтатты.

Алғашқы жүргізілген жұмыстар қар тоқтатуды риджерлі қаржыртқыштармен жүргізу қажет екендігін байқатты. Кәзір бізде қар тоқтату тоғыснаны әдіс бойынша жүргізіледі. Өйткені бұл ең тиімді әдіс. Қардың қалыңдығына қарай риджерлі қаржыртқыштар атжалдардың биіктігін 45—75 сантиметрге дейін жеткізеді. Сонда алаңға тоқтатылған қардың жалпы қалыңдығы 35—50 сантиметрдей болады.

Тәжірибе станцияларының зерттеуіне қарағанда облысымызда жыл бойы жауған қардың қалыңдығы 18—25 сантиметр шамасында. Біздегі сыяқты қатты қарадауылды, қарды боратып суырып әкете-тін желді жерлерде риджерлі қаржыртқыштар арқылы қарды әдеттегіден екі есе, тіпті үш есе артық тоқтатуға болады.

Егістік алаңға қарды көп тоқтату арқылы көктемде қар суының жақсы бөгеуіне жағдай жасалады. Өйткені қар қалың тоқтатылған жердің топырағы оша терең қатпайды, тоңы аз болады. Демек, мұндай жерлердегі микроорганизмдер көктем шығысымен тез тіріле бастайды, өсімдіктерге қажетті қоректі заттардың топыраққа мол жыйналуын қамтамасыз етеді. Ал жерде тоң қалың болғанда микроорганизмдер көктемде ұзақ уақытқа дейін тіріле қоймайды да өсімдік алғаш күннен бастап қоректен тапшылық көреді. Қыс уақытында қар тоқтатуды үлгілі жүргізу осы сыяқты кемшіліктерден құтқарады. Ауа райының қандай болғанына қарамастан егіннен өнімді мол алуды қамтамасыз етеді. Міне сондықтан да Образцовая МТС-нің коллективі қар тоқтату жөнінде ерекше міндеттеме алып, оның мүлтіксіз орындалуын айырықша бақылауға алып отыр.

О. ҚОЖАСОВ,

Образцовая МТС-нің бас агрономы

Аудандық атқару комитетінен нақтылы
көмек күтеміз

Біздің Еңбекшілер селолық Советі Аманкелді атындағы колхозды және Ток-ның совхозын қамтыды. Селолық Советтің 15 депутаты және активтері бар. Селолық Совет өзінің күнбе-күнді жұмысында депутаттар мен активтерге, тұрақты комиссияларға сүйеніп, солар арқылы село еңбекшілерін партия алға қойған жүрделі шаруашылық міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырып отырады.

Селолық Советтің сессиясында күнделікті өскелең өмір талабынан туған маңызды мәселелер талқыланады. Быйылғы селолық Советтің сессиясы Аманкелді атындағы колхоздан орталық тейлері

Селолық Советтің жексесіне келіп, оның қызметкерлерімен жолығуды, жұмысқа көмек беруді аса қажет деп таппайды.

Аудандық Совет атқомі председателинің орынбасары Давыденко жолдас жазғы жұмыс науқандарының қызу кезінде Аманкелді атындағы колхозда болды. Ол жұмыс жайын, селолық Советтің қаулысы бойынша осында салынып жатқан жеті-жылдық мектеп жөнінде колхоз председателинен кейбір мәселелерді сұрады да, келесі колхозға асты. Ал, селолық Совет атқомінің қызметкерлеріне, кейбір депутаттарға жолығып, жұмыс жағдайын сұрауды, тіпті олармен кездесуді қажет деп

қалды. Міне, аудандық Совет атқомі қызметкерлерінің жергілікті жерлерде болғандығы Советтермен байланысы осындай.

Мен 1952 жылдан бері селолық Совет атқомінің председатели болып істеймін. Осы уақыттың ішінде не аудандық Советтің сессиясында, не атқом мәжілісінде біздің селолық Совет туралы бірде-бір мәселе қаралып көрген емес. Сондай-ақ селолық Советтің сессияларына аудандық Совет атқомінің бірде-бір қызметкері қатысқан жоқ.

Рас, аудандық Совет атқомі селолық Совет атқомінің председателдерімен және секретарьларымен семинарлар өткізіп ту-

дейін грейдер жолын салу жөнінде қаулап алған еді. Бұл қаулы орындалды. Грейдер жолын салуға депутаттар мен активтер белсене қатысып, олар еңбекшілерді осы жұмысқа жұмылдырды. Соның нәтижесінде ол кезінде пайдалануға берілді.

Егер Полудин аудандық Совет атқарм бздің жұмысымызға күнбе-күн дұрыс басшылық жасап, нақтылы практикалық жемек көрсетіп отырса, біздің кейбір табыстарымыз бұдан да көп болған болар еді. Алайда, мұндай көмекті аудандық Совет атқармнен әлі күнге көре алмай келеміз. Аудандық Совет атқармнің қызметкерлері жергілікті жерлерде болған уақыттарында көбіне колхоз председателінің, совхоз директорының төңірегінде болады.

Мұндай әдет Полудин аудандық Совет атқармнің председателі Засыпкин жолдас та да кездеседі. Ол Аманкелді атындағы колхозға келгенде тезірек председателді іздестіріп, сонымен кездесіп, соған нұсқау береді. Ал, селолық Совет атқармнің председателімен, не секретарымен кездесіп, біздің кейбір тілек-талаптарымызды тыңдауды ескермей-ақ келеді.

Осы жылдың октябрь айында біздің селолық Советте аудандық Совет атқармнің нұсқаушысы Қарташов жолдас бір күндей болды. Ол Советтің ішкі жұмысын тексерді. Бірақ біздің кейбір кемшіліктерімізді атап көрсетіп, оны жою жөнінде нәлендей көмек көрсетпей, асығыс кетіп

кетті. Осы сөздердің өзі өз дәрежесінде болмай, жалпылама өтеді. Семинардан кейін Засыпкин жолдасын әдетке айналған қабылдауында болып, жалпы нұсқау алумен үйге қайтамыз.

Біздің селолық Советтің депутаттарының, сондай-ақ, Совет атқарм қызметкерлерінің көпшілігі Совет жұмысына жақында ғана келген адамдар. Қанша жігермен жұмысты ілгері бастыруға талптанса да, олар іс барысында кейбір қиындықтарға тап болады. Сондықтан да бізге аудандық Совет атқармнің жалпылай нұсқаудан гөрі, нақтылы көмегі керек.

Ә. ҚҰНАНБАЕВ,
Полудин ауданы, Еңбекшілер селолық Советі атқармнің председателі.

мыз жүргізуде, оған В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы Қазақ филиалының мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкері И. Н. Попов басшылық етеді. Жергілікті қойлар жоғары өнімді прекоз, рамбулье, асканиялық және ставропольлік қой тұқымдарымен асылдандырылды. Бесжылдықта отардағы биязы жүнді қойлардың ара салмағы 17 проценттен 83 процентке дейін, ал әрбір қойдан қырқылған жүннің орта мөлшері 2,68 килограмнан 4,6 килограмға дейін артты.

Быйыл буаз саулықтарға берілетін қысқы азық ретінде 11 мың центнер жүтері сүрлемі дайындалды. Мал едәуір уақыт бойына ашық жерде күтіледі.

(РазТАГ).

Тұқым мол дайындалуда

Каганович атындағы колхоз (Совет ауданы) 1956 жылдың көктемінде егіс көлемін бйылғыдан едәуір ұлғайтады. Осыған байланысты колхозшылар қажетті ауылшаруашылық дақылдарының тұқымын мол кұйды. Колхоз басқармасы дайындалған тұқымды тазартуға арнаулы бригада ұйымдастырып, бригада мүшелерінің өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Осының негізінде колхозда келегі жылдың егістері үшін кұйылған 5142 центнер дөңді дақылдар тұқымы тазартылып, шығымдылық сапаға жеткізілді. Тазартылған тұқым жақсы жабықталған

қоймаларда агротехникалық талаптарға сай сақталуда.

Сол сияқты осы аудандағы Ленин атындағы колхоздың мүшелері дайындалған тұқымды тазарту жұмысын ұйымшылдықпен жүргізді. Сөйтіп олар қолда бар ауылшаруашылық дақылдарының тұқымын толық тазартуды қамтамасыз етті. Бұл колхозда шығымдылық сапасы төмен 3 мың центнерден астам дөңді дақылдар тұқымы бар. Колхозшылар осы тұқымды жоғары сортты тұқыммен айырбастау шараларын қызу жүзеге асыруда.

Қ. ҒАББАСОВ.

Үгітшілерге көмек

СОВЕТТІК ПАТРИОТИЗМ—СОВЕТ ОДАҒЫ КҮШІНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

I.

Патриотизм—бұл жоғары сезім, отанды сүю сезімі. В. И. Ленин патриотизмді сыпаттай келіп, патриотизм деп әр елде ғасырлар бойы, мыңдаған жылдар бойы әбден бекіген ең күшті сезімдердің бірін айтамыз деген еді.

Әрине, қоғам дамуы тарихының әрбір сатыларында отанға сүйіспеншілік түрлі формаларда көрініп отырғандығы белгілі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы және ішкі тап қайшылықтарына шырмалып отырған кезіргі буржуазиялық қоғамда отан, патриотизм түсініктері мүлде басқаша. Қанаушылар табы өз үстемдігін күшейтіп, байлықтарын барынша молайта беру үшін, буржуазиялық құрылысты нығайту үшін жанталаса қыымдайды. Қанаушыларда шын мәніндегі патриотизм, отанға, халыққа деген сүйіспеншілік ешуақытта болған емес. Мұны буржуазияның барлық даму кезеңдерінен, сонау XVIII ғасырдағы буржуазиялық революция дәуірлерінен бастап оның осы күнге дейінгі әрекеттерінен айқын көруге болады. Буржуазия сол замандардың өзінде-ақ халықтың отанға сүйіспеншілігін өзінің жеке таптық мүддесіне пайдаланып кетті. Ал кәзір ол мұны бұрынғысынан да асыңдырып жіберді.

Бір-біріне қарама-қарсы жау таптарға бөлінген қоғамда өз отанын шын мәнінде сүйетін патриот тек еңбекші бұқара болып табылады. Өйткені еңбекші бұқараның патриотизмі өз халқына шексіз берілгендікке, сүйіспеншілікке, оның мүддесі үшін барлық күш-жігерін аямай жұмсауға негізделген. Еңбекші бұқараның патриотизмінде өз халқына деген сүйіс-

пеншілік пен басқа халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігіне деген құрмет ұштасып жатады. Патриот өз халқының даңқын арттыра беруге ынталы.

Қарама-қарсы жау таптарға бөлінген қоғамда халық көпшілігінің Отанға сүйіспеншілігі дегеніміз оның қанаушы тапқа өшпенділігі, езгілуші көпшілікті азат ету жолындағы аяусыз таптық күресі болып табылады. Қаналушы таптың пролетарлық революцияшы патриотизмінің буржуазиялық қоғамдағы көрінісі елдің барлық байлығы мен билігі халықтың қолына өтетін социалистік отан үшін қанаушыларға қарсы оның тайсалмай күрес жүргізуі болып келді және бола бермек. Орыс пролетариаты самодержавие мен капитализмге қарсы батыл және мейірімсіз күрес жүргізу арқылы басқа елдердің пролетарларына өз қанаушыларымен қалай күресудің үлгісін көрсетіп берді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Россия халықтарын шетелдік және «отандық» капиталдың экономикалық езгісінен құтқарды, пролетариат диктатурасын орнатты, адамзат тарихында алғаш рет дүние жүзі еңбекшілерінің отанның қызмет ететін нағыз пролетарлық өкімет құрды. Ол еліміздің еңбекшілерін қанаушылық құрылыстың бұғауларынан азат етті, оларды азаттың, аштықтың, тағылықтың түпсіз тұңғыйығынан шығарып, сәулетті болашақтың—коммунистік қоғамның даңғыл жолына салды.

II.

Жаңа, социалистік өндірістік қатынастардың орнауы нәтижесінде совет адамдарында социалистік отанға деген шексіз сүйіспеншілік сезімі—советтік патриотизм сезімі пайда болды. Бұл патри-

отизм сапа жағынан жаңа, патриотизмнің ең жоғары түрі болып табылады. Ұлы Октябрь революциясының қызу күндерінде туған советтік патриотизм қоғамды революциялық жолмен қайта құру, социалистік құрылыс жылдарындағы совет халықтарының қажырлы күрестерінің барысында өсіп, қалыптасты. Ол социалистік еліміздің қуатты қозғаушы күштерінің біріне айналды.

Советтік патриотизм тек ата-тектеріміздің патриотизмінен ғана өсіп жетілген емес. Оның ескі қоғамдық құрылыс кезіндегі патриотизмнен де және советтік емес патриотизмнің қандайынан болса да түбірлі айырмашылығы бар. Совет патриотизмінің түбірлі айырмашылығы мынада: оның өзіне ғана тән әлеуметтік, экономикалық, саяси, идеологиялық негізі бар, басқаша кезі, басқаша құнарлы орталығы бар. Советтік патриотизмнің материалдық негізі социалистік өндіріс тәсілі, социалистік базис, саяси негізі мемлекеттік құрылысымыз болып табылады. Советтік патриотизмнің идеялық негізі—Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің жеңімпаз ілімі.

Советтік патриотизм—бірнеше ерекшеліктермен және белгілермен сыпатталатын жаңа, ең жоғары патриотизм.

Советтік патриотизм—бұл социалистік отанға деген шексіз сүйіспеншілік және оның жауына мейірімсіздік, коммунизмнің ұлы ісіне шексіз берілгендік, коммунизм құрылысына белсене қатысу, отанның гүлдене беруіне үздіксіз қамқорлық жасау, оның экономикалық және қорғаныс қуатын нығайту, коммунистік қырағылық.

Советтік патриотизм—бұл адамгершіліктің ұлы күші. Ол Совет адамдарының

мінез-құлқын белгілейді. Біздің коммунистік моральміз совет адамдарының патриоттық сезімі мен ісінен айқын көрінеді. Совет адамдарының тәртіптілігі, еңбекке және қоғамдық мүдделікке коммунистік көзқарасы, социалистік гуманизмі, ерлік пен қаһармандығы сияқты моральдық-саяси қасиеттері адамдарымыздың патриоттық сезіміне байланысты.

Сонымен, совет патриотизмінің өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері қандай? Олар халықтың өз отанына шексіз берілгендігі және оған деген адалдығы, советтік патриотизмнің жоғары идеялылығы және әсерлілігі, оның жалпыхалықтық және интернационалдық сыпаты.

Совет патриотизміне тән белгілер мен ерекшеліктер азамат соғысы жылдарында шетел интервенттері мен ішкі контрреволюционерлерді талқандауда байқалды. Патриотизмнің көрсеткіші Совет өкіметінің алғашқы жылдарында адамдарымыздың майдандағы ерліктері мен тылдағы сенбіліктері болса, ал жаңа кезеңде, социалистік құрылыс жылдарында, еңбекшілердің патриотизмі жалпыхалықтық еңбектегі ерліктерден, ынтымақтан, кең өріс алған социалистік жарыстан, еңбек озаттарының көбеюінен айқын көрінді. Совет патриоттарының күшімен бірінші, екінші бесжылдықтар мерзімінен бұрын асыра орындалып, социалистік қоғам құрылды. Социалистік отанға шексіз берілгендігін және оған деген адалдығын совет адамдары Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің асқан зор ерліктерімен, ұстамдылығымен және жаспай қаһармандығымен ерекше көрсетті. Майдандағы жауынгерлеріміздің соғыстағы мәңгі өшпейтін ерлік істері сияқты, деп көрсетті И. В. Сталин, тылдағы совет адамдарының еңбек майданындағы ерлік істерінің де қайнар бұлағы—рух беруші жалынды советтік патриотизм болды. Соғыстың аяқталуы адамдарымыздың патриоттық сезімін әлсіреткен жоқ, қайта онан да берірек өріште түсті. Өйткені совет патри-

отизмі отанды тек сыртқы жаудан қорғаумен ғана байланысты емес. Совет адамдарының бейбіт игілікті еңбегі коммунизмнің жеңісіне қарай алға басуымыздың қарқынын жылдамдатып, жаңа күшпен өрістеуде. Совет халқының творчестволық қажырлы еңбегінің арқасында соғыстан кейінгі бесжылдықтың тапсырмалары толық және асыра орындалды. Ал бесінші бесжылдық жоспар өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жағынан мерзімінен бұрын—4 жыл 4 айда орындалды.

Советтік патриотизмнің игілігіне бөленген Қазақстан еңбекшілері де тамаша табыстарға жетті. Совет өкіметі жылдарында республиканың өнеркәсібі өнімдерінің жалпы көлемі 83 есесей өсті. Кәзіргі уақытта Қазақстан Совет Одағында шығатын мыстың 57 процентін, қорғасынның 60 процентін, мырыштың 61 процентін, кадмийдің 58 процентін, никельдің 26 процентін береді. Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Өскемен, Теміртау, Ақтөбе сияқты индустриалдық орталықтар құрылды, мыңдаған километр темір жол желісі тартылды. Қазақстанның көптеген өндіріс орындары бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен анағұрлым бұрын орындалды.

Қазақстанның өнеркәсібі алдағы бесжылдықта бұрынғыдан да зор қарқынмен өрлей түседі. Аттыңшы бесжылдықта ауыр өнеркәсіптің жаңа алыштары қосылады. Бұқтарма су электр станциясы, Қарағанды металлургия комбинаты мен Павлодар қойбай заводы, Соколов-Сарбай кен-байыту комбинаты және басқалары алтыншы бесжылдықтың пәрзенттері болады, советтік патриотизмнен рухтанған республика еңбекшілері өнеркәсіпті өрге бастыра беруге, жаңа техникалық прогрестер үшін күресті өрлете түсуде.

Совет патриотизміне бөленген ауыл шаруашылығының еңбекшілері, социалистік индустрияға және партия мен үкіметтің жан-жақты көмегіне сүйене отырып, колхоздар мен совхоздарды онан әрі

нығайту, өгінің шығымдылығын арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі міндеттерді іске асыруда. Партияның шақыруы бойынша МТС-терге, колхоздар мен совхоздарға баруға, тың және тыңайған жерлерді игеруге жүздеген, мыңдаған мамандар деревняға келіп, белсене жұмыс істеп жатыр. Мұның өзі де совет патриотизмінің қуатты өмірлік күшін тағы да айқын дәлелдеп отыр.

Кәзір елімізде Коммунистік партия алға қойған міндетті—астықтың жылдық өнімін 10 миллиард пұтқа жеткізу, тағу уақыттың ішінде мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе-екі есеге көп арттыру міндетін мерзімінен анағұрлым бұрын орындау жолындағы патриоттық қозғалыс өрлеуде. Советтік патриотизмнің жарқын салтанатын колхоздарға басшылық қызметіне 30 мың адам жіберу жөніндегі партияның жаңа шақыруына қосыларын қоллективтері қызу үн қосты, өздерін деревняға жіберуді сұраған өтініштер 30 мыңнан анағұрлым асып кетті.

Партияның үндеуіне жауап ретінде, бүкіл еліміздегі сияқты, Қазақстан қалаларының партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарында жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер және қызметшілер деревняға баруға тілек білдірді. Экономикалық жағынан артта қалып келе жатқан ауылшаруашылық артельдерін алдыңғы қатарлы, экономикасы гүлденген колхоздарға айналдыруға аттанған патриоттар бұл міндеттерді аброймен орындауда.

Совет патриотизмінің айырықша белгілерінің бірі—оның жоғары идеялылығында және пәрменділігінде. Ол жеңімпаз марксизм-ленинизм ілімінің негізінде дамып отырады. Совет патриотизмінің жоғары идеялы болуы сол—барлық еңбекшілердің өмірлік мүддесі мен СССР халықтарының ұлттық әдет-ғұрпы ұштастырылып отырады. Мұның өзі тек социализм жағдайында ғана болуы мүмкін.

Мектеп оқушыларына политехникалық білім беру

Қазақстан мектептерінде жаңа оқу жылының қызу кезеңі жетті. Мұғалімдердің саяси оқуға балаларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасын жақсарту үшін, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің халық ағарту қызметкерлері алдына қойған міндеттерін ойдағыдай орындау үшін қажырлылықпен күресуде.

Быйғы оқу жылы — орта мектепте политехникалық оқуды енгізу және жалпыға бірдей политехникалық оқуға қызу шараларын жүзеге асыру туралы партияның XIX съезінің директиваларын орындау жолындағы маңызды кезең. Оқыту ісін халық шаруашылығының қажеттеріне жақындастыра түсу, мектеп оқушыларын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығымен терең таныстыру, оларды еңбек сүйшілікке баулу — әрбір мектептің, әрбір педагогтің міндеті.

Соңғы уақытта дейін мектеп оқушыларын көзгірі заманғы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының негіздерімен мүлде аз танысып келді, оқыту практикалық қызметпен байланыстырылып, баянды етілмеді. Физикадан, химиядан, биологиядан және математикадан сабақ беру коммунистік құрылыс практикасының талаптарымен нашар байланыстырылды. Көптеген мектептерде біржақты сөзбен-кітаппен ғана оқыту басым болды, еңбекке тәрбиелеу мәселелері жете бағаланбады. Мұның салдарынан мектептерден өмірге дұрыс жол таба алмайтын, қолынан түк келмейтін адамдар шығатыны жиі кездесіп келді.

Быйғы оқу жылы оқыту ісін политехникаландыру ұранымен өтуде. Мектептер жаңа оқу жоспары мен жаңа программаларға көшуді жүзеге асыруда. Бұлар советтік жалпы білім беретін мектептің алдында тұрған ескелең міндеттерге сәйкестіріліп жасалды және теория мен практика бірлігін оған әрі нығайтуға бағытталды. Программалар политехникалық принцип беріне бірдей үйретуді талап етпейді, бірақ жалпы алғанда кәзіргі заманғы индустрияның негіздерін үйретуді талап етеді деген В. И. Лениннің нұсқаулары негізінде жасалды. Мектеп оқушыларға политехникалық білімнің, жастарды шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық учасқтарында жемісті еңбек етуге даярлау үшін қажетті шеберлік пен дағдылардың минимумын беруі тиіс. Кәзір оқытуды политехникаландыру, оқушыларды еңбекке тәрбиелеу ісінде зор роль атқаратын физиканы, химияны және биологияны оқытуды жақсартуға ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп оқушылары бұл ғылымдардан неғұрлым терең білім алуы ғана емес, сонымен қатар олардың қандарының кәзіргі заманғы өндірісте қолданылуымен танысуы тиіс. Физика, химия және биология жөніндегі лабораториялық және практикалық сабақтардың саны едәуір көбейтілді. 4—9 класстарда өнеркәсіп орындарына, колхоз-

форматорлардың құрылысымен танысу көзделінген. Практика сабақтарында мектеп оқушылары ең қарапайым телефон және радио қондырғыларын үйренуі керек. Ауыл шаруашылығы жөніндегі практикұмға алуан түрлі жұмыстар енгізілген. Олардың бір бөлігі тікелей колхоздарда, МТС және совхоздарда өткізілуі қажет. Егер оқушылар колхоздар мен совхоздардағы пайдалы қоғамдық еңбекке қолынан желтеніп қатыса алса, онда оларды ересектердің бригадалары мен звеноларына қосу немесе олардан жекке бригадалар құрып, мұнда мүмкіндігінше мектепке жақын болатын арнаулы учасқтар бөлу тиімді болады. Қала мектептерінің оқушылары мектеп жанындағы учасқтарда, агробазаларда жұмыс істей алады. Ауылшаруашылық практика жұмысын өте отырып, мектеп оқушылары өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы жөнінде ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылық машиналарын жасау жөнінде де жұмыс істейді.

Соңғы уақытта республиканың партия және совет ұйымдарының, өнеркәсіп орындарының, колхоздарының, МТС және совхоздарының көмегімен мектептердің оқу-материалдық базасы едәуір нығайтылды. Заводтар мен фабрикаларға өндірісте пайдаланылмайтын жабдығын мектептерге тегін беру правосы берілді. Мәселен, Зырянсксинтестрой комбинатының кәсіпорындары Сталин атындағы мектептің мастерскойын жабдықтауға көмектесті. Мұнда металл өңдейтін универсал станок, электрмотор, слесарьлық аспаптар бар. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективті дамқорлыққа алынған мектепте механикалық мастерской ұйымдастырылып, ол станоктермен жабдықталды. Алматының, Қарағандының, Ақтөбенің және басқа қалалардың өнеркәсіп орындары мектептерге зор көмек көрсетіп отыр.

Талдықорған облысының 28 гвардияшы атындағы ауданында жүргізілген жұмыс назар аударады. Колхоздар мен совхоздар, кәсіпорындар мен мекемелер — ауданның бүкіл жұртшылығы болып мектептердің оқушыларды еңбекке тәрбиелеуді жақсарту үшін жағдайлар жасауына белсене көмек көрсетіп отыр. Панфилов атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мектеп жанында оқу мастерскойының үйін салды, темпича салуды аяқтауға жақын, оқу-тәжірибе учасқын жабдықтады. Калинин МТС-і Аратөбе орта мектебінің оқу мастерскойына токарлық станок, ал Ворошилов атындағы колхоз дөңгелек ара және басқа жабдық, сондай-ақ ағаш шеберлігі мен слесарьлық құралдар берді. Ауданның мектептері сегіз трактор, төрт автомашина, үш мотоцикл, алты саялка, тағы басқа машиналар алды. Мектептердің жанында 115 темпича салынып жатыр.

түсінігін кеңейтуде. Қамқоршылар мектептің ағаш шеберлігі мен слесарьлық мастерскойлар ұйымдастыруына көмектесті, практикалық сабақ өткізетін жетекші бөлді. Оқушылар мастерскойларда металл мен ағаш өңдеудің әдістерін үйреніп, қиын емес бөлшектер жасайды. Быйғы жылы жоғары класс оқушылары машина-тану, электртехника және ауыл шаруашылығы жөнінен практикұмнан өтеді. Осы мақсатқа арнап маман жетекшілер іріктеп алынды.

Көкшетау облысындағы Арықбалық, Жамбыл облысындағы Гродеков, Алматы облысындағы Түрген селолық мектептері сыяқты алдыңғы қатарда келе жатқан селолық мектептер кеңінен белгілі. Бұларда мектеп оқушылары ауылшаруашылық еңбегінің зор маңыздылығын түсіну, ауыл шаруашылығына деген сүйіспеншілікке баулу рухында тәрбиеленеді. Бұл істе биология мұғалімдері зор еңбек сіңіреді. Арықбалық мектебіндегі биология мұғалімі Алексеева жолдас мектеп оқушыларына биология ғылымының негіздерінен берік және дәйекті білім беруге, осының негізінде оларды ауыл шаруашылығының өркендеуімен, отандық агрономиялық жетістіктерімен таныстыруға тырысады. Оқу-тәжірибе учасқында ұдайы жұмыс жүргізіледі. Көптеген тәжірибелер программалық материалмен тығыз байланыстырылады. Мектеп оқушыларын колхоздың егіс даласында, мал фермаларында, МТС-ке жиі көруге болады. Быйғы жылы мектепке сегіз гектар жүгері егіні бекітіп берілді. Оқушылар өз учасқында мол өнім алуға жетті. Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының теориясымен таныса отырып, мектеп оқушылары ауылшаруашылық өндірісіне тікелей қатысады. Олардың көпшілігі мектепті бітіргеннен кейін колхозшылар мен механизаторлар қатарына қосылатыны тегін емес.

Республиканың мұғалімдері оқушыларды еңбекке тәрбиелеуді анағұрлым жоғары дәрежеге көтеру, оларды табиғатты зерттеуге белсене қатысуға, өздерінің білімін практикаға жүзеге асыруға ұмтылуға баулу үшін кең инициатива көрсетуде. Мектептерде арнаулы лекциялар, техника көштері, балалардың техникалық творчествосының көрмелері өткізілуде. Өнеркәсіп пен транспорттың ағартушы адамдарымен, ауыл шаруашылығының озықтарымен, ғылым мен мәдениет қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырылуда. Осы маңызды істе жыйнақталған жақсы тәжірибені кеңінен тарату — оқу органдарының міндеті.

Оқушыларды еңбекке және еңбек ете білуге тәрбиелеу мектептегі бүкіл оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыты болуы тиіс. Таяу жылдарда барлық жерде жалпыға бірдей орта білім беру енгізіледі. Орта мектептерді бітірушілердің саны үздіксіз көбейе түсетініне алға білім алуға



Мария Черепанова қалалық байланыс мекемесінде 9 жыл бойы жұмыс істеп келеді. Кәзір ол 6- учасқтың бригадирі. СУРЕТТЕ: М. Черепанова өз учасқын почта жөнелту алдында.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

О КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі облыстық еркін спорт қоғамдарының өкілдерімен, физкультура мен спорттың жайы және оны жақсарту шаралары, СССР халықтарының спартакиадасына әзірлік жөнінде кеңес өткізді. Кеңеске облыстық, қалалық комсомол комитеттерінің секретарьлары, кәсіподақтардың облыстық комитеттерінің, сауда орындарының өкілдері қатысты.

Кеңесте СССР халықтарының спартакиадасына әзірліктің баяулығы, спорт құралдарының жетімсідігі, сауда орындарының жергілікті жерлерде спорт киімдері мен құралдарын сатуды ұйымдастырмай отырғаны сөз болды. Сонымен бірге, облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттері мен комсомол ұйымдарынан спорт жұмысын жандандыру талап етілді. Аудандық партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдерінің ауыл-село спортшыларына жете көңіл бөлмейтіні атап көрсетілді. Кеңесте төменгі физкультура коллективтерінде спорт жұмысын жақсартуға, спортпен әуестенуші жастардың қатарын көбейтуге бағытталған шаралар белгіленді.

Б. ЕВГЕНЬЕВ.

Мектепке көмек

Конюхов ауданындағы «Красная крепость» және «Большевик» колхоздары Лебяжі жетіжылдық мектебін қамқорлыққа алған болатын. Аталған колхоздар мектепке мастерской салуға көмектесті. Оған керекті құрал-саймандарды сатып алып берді. «Красная крепость» колхозы

БҮГІНГІ ТАЛАП ТҮРҒЫСЫНАН

1. ОРЫНДЫ ТАЛАПТАР

—Қалаға электр жарығын беру ісі өте нашар,—деді қалалық электр сетінің директоры Гнедых жолдас әңгіме арасында,—біз мұны білеміз. Бірақ не істейік? Жылу- электр орталығы электр қуатын аз береді.

Будан кейін ол кәсіпорындарына электр қуатының көбінесе тұрмыстық қажетке бөлінген қордан берілетіндігін, соның салдарынан қаланың тұтас аудандары жарықсыз қалатынын да айтты.

Электр қуатының тапшылығынан шығудың кейбір жолы да бар. Егер кәсіпорындары толық үн сменалық жұмысқа шықса, сөз жоқ, жағдай жеңілдей түсер еді. Өйткені кәсіпорындар таңертеңгі сағат жетіден кешкі сағат онбірге дейін электр қуатын көп жұмсайды. Ал қалған 8 сағат бойы электр қуаты мүлде жұмсалмайды деуге болады. Нақ осы кезде тұрмыстық қажетке де электр қуаты аз керек. Рас, бұл пікір көптен-ақ айтылып жүр. Ама! не, бабалы пікір қолдау таппай, кәсіпорындары басшылары құлақ аспай қойды. Енді бұл мәселені РКП қалалық комитеті мен қалалық Советтің пешулері қажет.

Қала тұрғындарының электр сетіне өкпесі тек осында ғана емес, әңгіме тікелей электр сетіне байланысты кемшіліктер жайында болып отыр. Ең алдымен электр қуаты үшін ақы төлеу жүйесі жүргізілмейтінін атап айту керек. Кейбір тұрғындар үш-төрт ай бойы өзінің қанша берешегі бар екендігін білмейді. Сол сыяқты көп жағдайда сеттен ретсіз шығарылып тасталатын аудандар тұрғындарының берешегін есептеу де жолға қоюды талап етеді.

Қалалық электр сетінде берік орын тепкен жалаң бір формальдылық бар. Егер, үйдегі электр проводкасына болмашы жөндеу керек болса, міндетті түрде жазбаша заявка беру қажет. Мынадай сұрақ туады? Электр сеті заявкаларды тек сағат алтыға дейін қабылдайды, осы уақыт ішінде жұмыстан босамаған адамның не істеуі керек? Мұны электр сетіндегілердің ойланғаны жөн. Берілген заявкалардың тағдыры да бірден оңға баса қоймайды. Көбінесе оларға «жөндеуге материал жоқ» деп жауап беріледі. Осыған орай қалалық сауда мекемесінің адресіне бірер сын айту қажет.

Қалада электр жабдықтарын сататын магазин жоқ. Жұртшылық ең ұсақ нәрселер үшін базарға баруға мәжбүр болып жүр. Қала магазиндерінен электр лампочкалары мен патрондарын, изоляторлық материалдарды мүлде табуға болмайды. Қалалық сауда мекемесінің (директоры Сакара жолдас) қаладағы электр-изоляциялық материалдар заводымен байланыс жасамауы таңданарлық нәрсе. Изоляциялық ленталар бізге басқа аудандардан әкеліне

дердің тізімін сенбі күні жасап қойғанды.

—Басқа ешкімді жіберуші болма! —деп қатты талсырды да ол. Кезекте тұрғандарға берілген жауап та осыдан туған болатын.

—Номерлерге билет сату біздің еркімізде емес, тек директор Еремченконың ғана ісі,—дейді кассир Ефремова.

Мұнда «кезекті номер» деп аталатын номер жұмыс істейді. Біз болған күні бұл номерге небары екі заказ ғана жазылыпты. Кешке дейін бос тұрған номерге ешкім жіберілмеді. Мұның өзі монша күн сайын 60—70 сом зиян шегеді деген сөз.

Моншада шаштаразы, буфеттер және бөлшек сауда столдары бар. Қыңжылалық жағдай сол—олар өз дәрежесіне сай жұмыс істемей отыр. Шаштаразы, газет, журналдар алдырмайды. Кезекте тұрғандардың демалуына жағдай туғызылмаған. Ал буфеттерде сусынның болмай қалуы да аз кездеспейді. Тегінде, ресторан және асханалар тресіне қарасты № 2 асхананың басшылары бұл буфеттерді естен шығарса керек.

Бұл кемшіліктерге ең ладымен монша директоры Еремченко жолдас кінәлі. Өйткені өзі басқарып отырған коллективті табысты жұмысқа ұйымдастыра алмай отыр. Ал жұртшылық пікірімен санаспай, өзімен өзі болған басшыдан нәтижелі іс шықпайтыны сөзсіз.

3. ЖЕҢҮШЫНАН ЖАЛҒАСЫН...

Соңғы жылдары қаламызда сауда жүйесі едәуір кеңейтілді. Сауда қызметкерлері қатарының білімді, маман кадрлармен толықтырылуы есебінен сауда мәдениеттілігі де арта түсті. Дегенмен кейбір сауда қызметкерлерінің қызмет бабын пайдаланып, көпшілік қолды товарларды тамыр-таныстарына жасырын сатуды әдетке айналдырып жүргендігін тіпті де жасыруға болмайды. Бұл ең алдымен қалалық, облыстық сауда мекемелері тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігінен болып отыр. Бұған қала магазиндерінен бір күнде кездестірген екі жағдайды ғана мысалға келтірейік.

6 декабрь күні № 20 киосқаға конфет түседі. Сатушы Абдулхалықова оны толық сатып бітірудің орнына, екінші күнге алып қалған. Екінші күні де қалған конфет толық сатылмады. Жұмыс күнінің соңында 4 килограмм конфетті сатпай, жасырып қалғандығы анықталды.

Нақ осы күні мемлекеттік сауда инспекциясына № 60 магазинде жаңа түскен жағалардың жасырын сатылып жатқандығы туралы хабар түсті. Тексере келгенде 41 сом тұратын 4 жағаның қоймадан сатылғандығы ашылды. Ал магазин меңгерушісі Войко жолдас бұл жарамсыз істі «басшы қызметкер сұраған соң беріп едім» деп түсіндіреді. Қалалық Совет аткомі председателінің орынбасары Кова-

1—4 кластарда қол еңбегінің сабақтары, 5—7 кластарда мектеп жанындағы оқу-тәжірибе участоктері мен оқу мастерскойларында практикалық жұмыстар, ал 8—10 кластарда машинатану, электр-техника және ауыл шаруашылығы жөніндегі практикумдар енгізілді. Машинатану жөніндегі практикум кезінде оқушылар механикалық өңдеудің негізгі құралдарымен және әдістерімен, машиналардың негізгі түрлерімен, двигательдермен, машиналармен, құрал-саймандармен және түрлі механизмдермен танысуы, оларды басқара білуге үйренуі тиіс. Электртехника жөніндегі практикумының программасында өлшегіш электр прибордардың, электр двигательдердің, генераторлардың, транс-

ды еңбекке дағдыландыруда, мектеп оқушыларын өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісінің негіздерімен таныстыруда. Қарағандыдағы кейбір мектептердің тәжірибесі кеңірек бөлуге тұрарлық. № 5 орта мектептің педагогтері физика, химия, биология сабақтарында көрнекті құралдарды кеңінен пайдаланады, оқушылардың білімін лабораториялық және практикалық сабақтармен баянды етеді. Техникалық үйірмелерге алуан түрлі жұмыс жүргізіледі. Мектеп оқушылары оқу приборларын, көрнекті құралдарды өз жолдарымен жасайды, мектепті қамқорлыққа алған жөн-шайқа жабдығының заводына экскурсияға барып тұрады. Экскурсиялар оқушылардың өндіріс негіздері жөніндегі

мен, оқушыларға политехникалық білім берудің, оларды еңбекке тәрбиелеудің бірінші дәрежелі маңызы бар.

Біздің мектебіміз коммунистік партия қойған міндетті — барлық жұмысшылар мен барлық шаруаларды мәдениетті және білімді ету, жұмысшыларды инженер-техник еңбегі қызметкерлерінің дәрежесіне дейін көтеру міндетін шешуде орасан зор үлес қосып тиіс. Оқу-тәрбие ісінің сапасын жақсарту, жастардың білімді болуына, озат ғылым мен техниканың жетістіктерін қажырлылықпен меңгеруіне, өздерінің білімдерін практикада қолдана білуіне жету — әрбір мектеп коллективінің борышы.

А. ВИКЕНТЬЕВ.

электр моторын, сондай-ақ «Большевик» колхозы бір мотор тарту етті. Көзір мастерскойда 16 оқушы істейтін жұмыс орны бар.

М. ЭБЕНОВ.

Совет ауданының, «Көктерек» колхозында жетіжылдық мектепке мастерской салу жөнінде үлкен көмек көрсетті. Бұл үшін колхоз қажетті малшерде құрылыс материалдарын берді. Мастерскойға түрлі-түрлі саймандар алатын қаржы бөлді. Бұл қаржыға көзір мастерскойға қажетті құрал-саймандар сатып алынды.

Б. ШАМКЕНОВ.

Совет патриотизмінің күштілігі — совет адамдарының коммунистік саналылығында, коммунизм ісіне шексіз берілгендігінде, өз міндеттеріне саналы қарауында. Әрбір совет патриоты өзінің қоғам алдындағы міндетін халық алдындағы жауаптылығын, қоғамдық мүддені жеке мүдденен жоғары ұстап, қоғамдық мүдденің ең жоғары мүдде екендігін жақын түсінеді.

Елімізде коммунизм орнатудың, ұлы революциялары совет халқының еңбектегі творчестволық белсенділігін арттыруда. Бізде халық ішіндегі сарқылмас бұлақ болып табылатын творчестволық қабілеттерді, дарындылықтарды, таланттарды мейлінше күшейтетін социалистік жарыс бүкілхалықтық іс болып алды. Социалистік жарыстың озаттары еңбек өнімділігін арттыру, өнім шығаруды барынша өсіру, шикізат пен материалдарды үнемдеу, әрбір өндіріс өнімін мінсіз сапалы шығару сияқты еңбек өнімділігінің йаңа формаларын тудырды. Мұның нәтижесінде көп жаңалықтар ашылды.

Қазақ металлургия зауытының таңдаулы еңбек балқытушысы Алдақар Насретдинов салмақты болатты график бойынша 7 сағатта балқытудың орнына, 5 сағат 10 минутта балқытып, пештің әрбір шаршыметр табанына нормадан тыс 4300 килограмм металл берді. Бұл болат балқытудағы рекорд болды. Ауыл шаруашылығындағы патриоттардың да тамаша табыстары бар. Барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру ісіне Т. С. Малышевтің топырақ өңдеу системасы жаңалық енгізді.

III.

Советтік патриотизмнің басты қасиеттерінің бірі — пролетарлық интернационализм, барлық елдер мен ұлттар еңбекшілерінің таптық ынтымақтауының патриотизмі. Маркс пен Энгельс пролетарлық интернационализмнің мәнін мұнан былай былай астам бұрын «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деп тұжырымды бейнелеп берді. Сонан бері дүние

жүзі елдерінің пролетарлары капитализмнің бұғауынан құтылу жолындағы күресте осы пролетарлық интернационализм туының астына топталып келеді. Буржуазиялық ұлттық өзіндікке, нәсілділікке, ұлттыңдылыққа, ұлт араздығын қоздыруға негізделген озбырлық идеологияға қарама-қарсы пролетарлық интернационализм ұлттар арасындағы достықты, бейбітшілікті, барлық ұлттардың және түрлі нәсілдердің тең праволылығын қолдайды.

Біздің елде ұлт мәселесінің шешілуі, ұлттардың достығы мен туысқандық ынтымағының негізделген көп ұлтты Совет мемлекетінің нығая түсуі интернационализм идеяларының толық салтанат құрғанын дәлелдейді. Интернационализм идея еліміздің халықтарын, олардың ұлттық өзгешеліктеріне қарамастан, коммунизм құрылысшыларының біртұтас туысқандық семьясына біріктіріп отыр. Мұның өзі еліміздің халықтарының экономикалық және мәдени жағынан қарыштап дамуына жағдай жасады. Мұны қазақ халқының тарихынан да айқын көруге болады. Оның бұрынғы экономикалық және мәдени мешеулігінен көзін із де қалған жоқ. Қазақстан социалистік құрылыстың арқасында алдыңғы қатарлы техникамен қаруланған ірі өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы бар іргелі елге айналды. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті қалыптасып дамыды, өзінің ұлттық жұмысшы табы мен социалистік интеллигенциясы туып өсті, көзір қазақ халқы алдыңғы қатарлы социалистік ұлт болып отыр.

Елімізде халықтар достығы социалистік қоғамымыздың коммунизмге қарай қарыштап дамуының қозғаушы күші болып отыр. Совет Одағындағы социалистік ұлттардың арасындағы өзара көмек пен туысқандық ынтымақ үдей түсуде. Тың және тыңайған жерлерге аттанған жастардың Кремль Сарайында болған мәжілісінде Киев облысындағы Макаров МТС-нің бригадирі, көзір Қостанай облысында

істейтін атақты механизаторлар Дегтяренко жолдас өзінің сөзінде: «біз, украин комсомолдері, өзіміздің бауырларымыз — қазақтармен және орыстармен ынтымақтастық, қол ұстасып бірге жұмыс істейміз» деді. Бұл туысқан республикалардан достық көмекке келген патриоттар ерлік еңбек үлгісін көрсетуде. Бұл факті біздің еліміздегі интернационализмнің жарқын салтанатын бейнелейді.

Совет халқы өзінің интернационалдық борышын үнемі өтеп келеді. Ол Коммунистік партияның басшылығымен барлық елдердің еңбекшілерімен достық-қарым-қатынасын күшейте түсуде. Дүниежүзілік екінші соғыста жеңімпаз совет халқы албан, болгар, чехословак, поляк, венгер, румын және югославия халықтарына капиталистік құлдықтан түпкілікті құтылуға тікелей көмек етті. Совет Армиясының гитлершіл фашизм мен жапон милитаризмін талқандауы ұлы қытай революциясының жеңіп шығуына жағдай туғызды. Совет халқының достық көмегі арқасында бұл елдердің халықтары өкімет билігін өз қолдарына алып, қанаушы таптарды жойып, социализм орнатуда. СССР мен халықтық демократия елдері арасындағы қарым-қатынас интернационализм принциптеріне негізделген. Совет Одағы мен халықтық демократия елдері арасындағы ынтымақ бейбітшілік, демократия және социализм лагерін нығайта беруге бағытталған. Совет Одағының бүкіл іс-әрекеті оның социалистік интернационализм идеясына беріктігін көрсетеді. Совет елі әрдайым империалистік соғыс әртіп тұтандырушыларға қарсы, империалистердің бостандық сүйгіш халықтарын құлдыққа түсіруіне қарсы табанды күрес жүргізіп келеді. Совет Одағы бейбітшіліктің, ұлттық суверенитет пен халықтар бостандығының күшті тірегі.

IV.

Біздің еліміздің жұмысшылары мен колхозшылары, интеллигенциясы өз отанының халық шаруашылығын, мәдени-

тін нығайтуда Коммунистік партияның басшылығымен жеткен тамаша табыстарына көз жіберіп, мақтанып өтеді. Коммунистік партия еңбекшілерге ондаған жылдар бойы басшылық жасап, оларды жоғары санаспылыққа, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеп, даңқты жеңістерге жеткізіп келеді.

Коммунистік партияның тәрбиелеуші ролі, әсіресе пролетариат диктатурасы орнағаннан кейін күшейе түсті. Партия еңбекші бұқараны саяси өмірдің белсенді қайраткерлеріне айналдырды, оларды творчестволық еңбекке көтерді. Социалистік құрылыстың барысында Коммунистік партия бұқара арасында қоғамдық меншікке саналы қарауды, өз Отанына шексіз сүйіспеншілікті, коммунизмнің жеңуі үшін ерлік пен қаһармандықты тәрбиеледі және тәрбиелеуде.

Коммунистік партияның халық игілігіне қызмет жасаудан, оның әл-ауқат, мәдени тұрмысын жақсартудан артық мақсаты жоқ. Бұған СССР еңбекшілерінің көзі жеткен. Ол халықпен біте қайнасақ, нағыз халықтық партия. Сондықтан да совет халқы Коммунистік партияның төңірегіне топтасқан, партия саясатын қызу мақұлдап, белсене қолдап, оны іс жүзіне асыруға барлық күш-жігерін аямай жұмсап отырады.

Көзір өнеркәсіп орындарындағы, колхоздардағы еңбек тасқыны бұрынғыдан да әрі өрістеді. Әрбір жұмысшы, әрбір колхозшы, механизатор өзіне көтеріңкі міндеттеме алып, Коммунистік партия алға қойған міндеттерді орындау ісіне үлес қосуда, партияның XX съезін еңбектегі тамаша табыстармен қарсы алу ынтымағын іс жүзінде дәлелдеуде. Мұндай бүкіл елімізді қамтыған патриоттық кезғалы советтік патриотизмнің күшін көрсетеді. Советтік патриотизммен қаруланған совет халқы коммунизмнің шыңына қарай өрлей береді.

Ж. АРАЛБАЕВ.

ден жоғары еді. Қорыта айтқанда, Петропавлда арнаулы электр жабдықтары материалын ашатын уақыт жеткен сияқты.

2. СЕҢБІ КҮНГІ ТІЗІММЕН...

Қалалық моншаның директоры Еремченко жолдасты шағым кітабын қарап отырған кезінде кездестірдік.

—Көшпелігі алғыс,—деді директор біздің «шағым көп пе?»—деген сұрағымызға.—Бір-екі шағымдар ғана бар.

Жұртшылық алғысы — коллектив жұмысына берілген әділ баға. Өздерінің адал еңбегімен жұртшылық құрметіне бөленгендер мұнда аз емес. Бұл алғыстар монша жұмысындағы кемшілік жақтарын бүркемелемеске керек. Ал кемшіліктер аз емес.

Шағымдар кітабында шешінетін бөлмелерде тазалықтың нашарлығы, ал дезокамерада тіпті киім қоятын шкафтардың жоқтығы жазылған.

—Моншаға келушінің бұл әділ талабын орындау жолында не істелді?

Еремченко жолдас бұл сұраққа қысқа жауап қайтарды.

—Тазалық сақтау—ең алдымен келушілердің міндеті.

Біз де бұған қосыламыз. Бірақ мәселе монша қызметкерлерінің санитарлық тазалықты онан әрі жақсарту түсуіне жетісуде жатқан жоқ па? Еремченко жолдас айтқандай бұл «ұсақ» мәселелер қатарында қалып қойып жүр. Киініп-шешінер бөлмелердегі орындықтар сүртілмейді, әбден ласталған еденге жалаңаяқ басудың өзі қиын-ақ.

Шағымдар кітабында, әсіресе, номерлер жайында көп сын пікірлер жазылған. Шынында да, номерлер жұмысы монша жұмысындағы осал жердің бірі. Сөзіміз дәлелді болуы үшін, өткен жексенбілердің бірін мысалға алсақ та жеткілікті.

... Таңертеңгі сағат 7. Касса терезесінің алдында кезек күткен адамдар көбейіп-ақ қалды. Міне, касса да ашылды. «Номерлер бос емес, барлық билет сатылған»,—деген кассирдің үні де іле шықты.

—Бұл қалай? Кассаның ашылғаны жаңа емес пе еді? —десті танданысқан жұрт.

Анығында бұл жаңалық емес. Директор Еремченко жексенбі күні номерге түсетін-

суына тағдымыз бар. Советтік сауда тәртібін бұрмалаушыларға қарсы күрестің ұйымдастырушысы болу—олардың төл ісі емес пе?

4. «ДИРЕКТОРҒА БАР!...»

—Директорға бар! Федотовадан сұра!

№ 3 асхананың буфет сатушысы Вла-сенко бұл сөздерді орынды да, орынсыз да қайталайды. Реніш, тілегінді айтсаң да, шағымдар кітабын сұрасаң да осы бір жауапты естисің. Бұл жолы біз оның тілегін орындап, директорға бардық. Бірақ шағымдар кітабы кабинетте жоқ болып шықты. Жабыла іздеп шағымдар кітабын официант калар тумбочкасынан табылғанына жарты сағаттан астам уақыт өтті. Осынша уақытын текке жіберуге кім құмар дейсіз. Шағым жазғысы келгендердің көпшілігі-ақ іштей өкініп, кете барған болар. Вла-сенко шағымдар кітабының белгілі орында тұрмауын «кім көрінгеннің қолына берсек, жоғалып та кетер» деп түсіндірмек болады. Мұның өзі жұртшылық пікірімен санаспаушылықтың, сынды құрметтеушіліктің нақ өзі емес пе!

Асхана директоры Федотова жолдас-тың да жұртшылық шағымна қалай қарайтындығын шағымдар кітабының өзі-ақ көрсетіп тұр. Директор шағымдардың көбін оқымаған, ал бірсыпырасына айтылған пікірлерді жоққа шығаратын жауаптар жазылған.

Мұның барлығы асхана жұмысында елеулі кемшіліктердің орын алуына себеп болып отыр. Асхана залы лас. Тамақ ішу үшін кемінде бір—біржарым сағат уақыт кетеді. Официантқалардың келушілермен қарым-қатынасында дерексіз басым жатады.

Еңбекшілерге қамқорлық жасау—аса зор маңызы бар іс. Олай болса, қаланың қоғамдық-тұрмыстық орындары да өз жұмыстарының дәрежесін көтере түскені жөн. Ал әзірше бұл жұмыс бүгінгі талапқа сай емес.

«Ленин туының» рейд бригадасы:

З. ЮРКЕВИЧ,

қалалық Советтің депутаты.

Н. ОГНЯННИК,

мемлекеттік сауда инспекторы.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ,

Редакция қызметкері.

«Ленин туының» дабылынан кейін

«Бескровныйдың кінәсінен»

«Ленин туы» газетінде Ленин атындағы астық совхозының директоры Бескровныйдың жұмысшылар үшін азық-түлік дайындау ісіне, әсіресе совхоздың № 3 бөлімшесінде азық-түлік және өндірістік товарлар сатуды ұйымдастыруға көңіл бөлмейтіні туралы тілші хаты жария-

ланған-ды. Облыстық совхоздар басқармасы Ленин совхозының жұмысшылар операциясына алдағы уақытта мұндай кемшіліктерді жібермеуді тапсырды. Көзір совхозда азық-түлік және өндірістік товарларды сату ісі едәуір жақсартылды.

ТӘРБИЕ АЯСЫНДА



лерден соң ғана аздап музыка ырғағына сай көшеді де, енді аздан соң бұрынғы «тәртіпке» қайта ауысады.

Олар осылайша өздерінің әдеттегі «жұмыс» күнін бастап жатқан кезде екінші бір бөлмеде өзіндік ерекшелігі бар тағы да жұмыстар жүргізіліп жатады. Түрлі ойыншықтар мен қағаз, қарындаштарды бояулар мен қайшыларды құшақтап жүргендерге қарағанда еріксіз езу тартасын. Өйткені жас бөбектердің ойыншықтарымен әуреленіп жүргендер ең алдымен үлкен адамдар. Олар— осы бақшаның көптегі тәрбиешілері Нина Ивановна Жучкова мен Полина Васильевна Дубко. Ал қаладағы педагогикалық училищенің түлегі Римма Васильевна Соловьева бұл «қарттардың» жұмысын қызу қадағалап, өзінің әрбір жүріс-тұрысында соларға ұқсағысы келеді.

— Нина Ивановна, құрылыс материалдарын әкелмейсіз ғой, — деді бір кезде Дубко.

— Рима, ауызғы бөлмеде тұр. Кремль құрылысының материалы ана бұрышта еді. Әкеле қойшы.

Тәрбиешілердің «құрылыс материалдары» деп отырғандары, шын туайтпап келгенде, кішкентай кубиктер болып шықты.

Міне, таңертеңгі тамақтарын ішкен жас бөбектер өздері «жұмыс» істейтін бөлмеге кірді. Тап-таза, жып-жыпнақы киінген бұл бүлдіршіндер әдепті ізеттілікпен өз тәрбиешілеріне аманда-сып жатыр. Тіпті кейбіреулері төтелерін сағынып та қалыпты— Нина Ивановна мен Римма Васильевнаның мойындарынан құшақтап айырылар емес.

— Ал, балалар, — деді аздан соң Полина Васильевна, — енді жұмысқа кірісейік. Жұмысты па-

Енді аз уақыттан соң жас «құрылысшылар» зәулім «үйлер», сәулетті «сарайлар», сәнді «поселкалар» салуға кірісті. Ал «суретшілер» де творчестволықпен жұмыс істеуде. (2-сурет).

Балалар бақшасының бір күні осылай басталды. Ал мұнда әр күн сайын жас бөбектерді тәрбиелеу жолында түрлі салалы жұмыстар жүргізіледі. Әрі мазмұнды, әрі көңілді жүргізілген жұмыс балаларды да еліктіріп, олардың еңбекке деген ынталылығын арттыра түседі, дүниетанушылықтарын кеңейтеді. Сондықтан да бұл балалар мекемесін теміржолшылар зор мақтанышпен сөз қылады.

Нина Ивановна Жучкова— қаладағы тәжірибелі тәрбиешілердің бірі. Ол өз білімі мен қайратын көп жылдардан бері жас бөбектерді тәрбиелеуге арнап келеді. Қарт тәрбиешіні бөбектер де құрметтеп сыйлайды. Ал оның әріптесі Полина Васильевна өз жұмысын шын беріле сүйетін адам. Бұл екі тәжірибелі тәрбиеші жас педагог Васильеваға өз өнерлерін аямай үйретуде. Соның нәтижесінде Рима кәзір жас бөбектерді тәрбиелеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізе алып отыр.

Балалар бақшасының жұмысын жандандыруда бақша меңгерушісі Тамара Ильична Карюк жолдастың ойдағыдай басшылық етіп отырғандығын атап айту керек. Шынында, Карюк жолдастың кабинетінде бала тәрбиелеу туралы кеңес сұрай келген ата-аналарды жиі көруге болады. Мәселен, жуырда темір жол жұмысшысы Соколова жолдас Тамара Ильичнамен тәрбие мәселесі туралы ұзақ әңгімелесті. (3-сурет).

Қарт педагог өз білімін жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолына көп жылдар бойы жұмсап келеді.

СССР Жоғарғы Советі делегациясының Англияға баруы жайында

Лордтар палатасының Лорд-канцлері Килмур және ағылшын парламентінің Қауымдар палатасының спикері В. Ш. Моррисон СССР Жоғарғы Советінің Одақ Советінің Председателі А. П. Волковтың атына СССР Жоғарғы Советі делегациясын Англияға келуге шақырған жолдама жіберді. Онда былай делінген:

Сіздің және Ұлттар Советінің Председателінің біз арқылы палаталар мүшелеріне жолдаған шын көңілден шақыруыңыздың нәтижесінде Англия парламентінің екі палатасы делегациясының мүшелері 1954 жылдың күзінде Совет Одағында болды. Сіздің елдеріңізде біздің делегацияға шын жүректен көрсетілген қонақжайлық және жылы шырайлы қабылдау үшін біз рыйзамыз.

Одақ Советі мен Ұлттар Советінің делегациясын келесі жылдың июль айының алғашқы апталарында Англия парламентінің қонақтары ретінде біздің елімізге келуге шақыру біздің зор қанағаттанғандық сезімімізді тудырады.

Біз бұл шақыру қабыл алынатын болады және мүмкін болатын келулеріңіз біздің екі еліміз арасындағы қатынастарды жақсартуға көмектесетін болады деп сенеміз.

Лордтар палатасының Лорд-канцлері Килмур және Қауымдар палатасының спикері В. Ш. Моррисон осындай мазмұндағы жолдаманы СССР Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің Председателі В. Т. Лацистің атына да жіберді.

Англия парламенті палаталарының басшыларына мына мазмұнда жауап хат жіберілді:

«Біз СССР Жоғарғы Советі екі палатасының делегацияларын Англия парламентінің қонағы ретінде Англияда болуға Сіздердің шақыруларыңызға өте қуаныштымыз.

СССР Жоғарғы Советінің атынан бұл шақыруды біз терең қанағаттанғандықпен қабылдаймыз және СССР Жоғарғы Советі делегациясының Англияға баруы біздің екі елдеріміз арасындағы қатынастарды онан әрі жақсартуға көмектесетін болады деп білеміз».

Н. А. БУЛГАНИН МЕН Н. С. ХРУЩЕВТИҢ ИНДИЯДА БОЛУЫ ҚҰРМЕТІНЕ ГВАЛИОР ҚАЛАСЫНДАҒЫ КӨРМЕ

ДЕЛИ, 9 декабрь. (ТАСС). «Хиндустан таймс» газетінің хабарлауына қарағанда, және Мадхья Бхарат штатының бас министрі Такхатмал Ыжайн мәдени қатынастарды дамыту жөніндегі индия-совет қонағының жергілікті бөлімшесі Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индияда болуы құрметіне ұйымдастырған Гвалиордегі көрмені ашқан.

Көрмеде Совет Одағының тұрмыс жайында, материалдар сонымен қатар Мад-

СССР Сыртқы Істер Министрлігінде

Осы жылғы 14 ноябрьде Австрияның СССР-дегі елшісі Н. Бишофф мырза СССР Сыртқы Істер Министрлігіне мынадай мазмұнды нота табыс етті.

«Австрия Федералдық Үкіметінің тапсыруы бойынша Австрия Елшілігі Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігінің алдына мынадай мәселелерді қоюды өзіне абырой санайды:

Австрия парламенті 1955 жылғы 26 октябрьде Австрияның бейтараптылығы жөнінде федералдық конституциялық заң қабылдады, бұл заң 1955 жылғы 5 ноябрьде күшіне кірді. Заңда былай делінген:

«I статья.

1) Өзінің сыртқы тәуелсіздігін мықтап баянды ету және өз территориясына ешкімнің қол сұқпауын қамтамасыз ету мақсатымен Австрия өзінің үнемі бейтарап болатындығын ерікті түрде мәлімдейді. Австрия оны өзінің қолда бар барлық мүмкіншіліктерімен қолдайды және қорғап отырады.

2) Бұл мақсаттарды қамтамасыз ету үшін Австрия ешқашан да алдағы уақытта ешқандай соғыс одақтарына қосылмайды және өзінің территориясында шетел мемлекеттерінің соғыс тірек пункттерін жасауға жол бермейді.

II статья.

Бұл федералдық конституциялық заңды жүзеге асыру федералдық үкіметке жүктеледі».

Осымен бірге неміс тілінде мазмұндас текст қоса тіркеліп отыр.

Австрияның Федералдық Үкіметі бұл конституциялық заңды хабарлап, Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкі-

метінен бұл федералдық конституциялық заңның рухында Австрияның үнемі бейтараптылығын тануды абыроймен өтінеді.

Австрия елшілігі осы жағдайды пайдаланып, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігіне өзінің ерекше шексіз құрметтейтіндігін тағы да білдіреді.

Москва, 14 ноябрь 1955 жыл».

Осы жылғы 6 декабрьде СССР Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Австрияның елшісі Н. Бишофф мырзаны қабылдап, оған Совет Үкіметінің мынадай жауап нотасын табыс етті:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрлігі Австрия Елшілігінің 1955 жылғы 14 ноябрьдегі нотасын алғандығын абыроймен білдіреді, ол нотада Австрия парламенті 1955 жылғы 26 октябрьде Австрияның бейтараптылығы туралы федералдық конституциялық заң қабылдағандығы, ол заңның 1955 жылғы 5 ноябрьде күшіне кіргендігі хабар етілген.

Жоғарыда айтылған нотада білдірілген тілекке жауап ретінде СССР Сыртқы Істер Министрлігі Австрия Елшілігіне мынаны абыроймен хабарлайды: Совет Одағының үкіметі федералдық конституциялық заңды еске алады, сөйтіп оның бұл заңда белгіленген күйінде Австрияның үнемі бейтараптылығын таныйды.

Москва, 6 декабрь 1955 жыл».

Н. Бишофф мырза В. М. Молотовқа Совет Үкіметінің бұл қарары үшін алғыс айтып, Совет Одағы Үкіметінің өзіне табыс етілген нотасының мазмұнын Австрия Республикасының Үкіметіне жеткізуге уәде етті.

Совет-Бирма экономикалық қатынастары жайында

Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Бирма Одағының арасындағы экономика, мәдениет, ғылым және техника саласында ынтымақ орнату принциптеріне сәйкес, Совет Одағы Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущевтің және Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нудың Бірлескен мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, үкіметтердің өкілдері Бирма Одағында ауыл шаруашылығын өркендетудің және кейбір өнеркәсіп орындарын салудың программасы туралы мәселе талқылады.

Совет Одағының үкіметі Бирма Одағының үкіметіне ауыл шаруашылығын өркендету программасын әзірлеуде, негізгі ирригациялық жұмыстар жүргізуде және кейбір өнеркәсіп орындарын салуда көмек көрсетіп, ынтымақтасып отыруға келісті.

Сол сияқты, Совет Одағының үкіметі келісілген жобаларды жүзеге асыруға қажетті материалдар мен қызметтер үшін мүмкіндігі болған мөлшерде күріш алуға,

Бирма Одағының үкіметі Совет Одағы үкіметінің бұл игі ниет көрсетуін шексіз бағалайды.

Бирма халқына деген игі ниет пен құрметтеуді бұдан былай да көрсету ретінде СССР Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущев Совет Одағы үкіметінің атынан Бирма Одағының халқына тарту ретінде Рангунде СССР-дің күшімен және қаржысымен технологиялық институт салып, оны жабықтап беруді ұсынды.

Совет үкіметінің бұл ұсынысты жа-сауына себеп болған дәлелдерді Бирма Одағының үкіметі шексіз бағалайды, сөйтіп ол бұл тартуды зор ызыалық сезімімен қабыл алды.

Бирма Одағы халқының атынан премьер-министр У Ну өз тарапынан Совет Одағының халқына тарту ретінде тиісті мөлшерде күріш және басқа Бирма өндірісінің кейбір товарларын ұсынды. Н. А.

Индия халқы Құрама Штаттардың отаршылдықты қолдауын әшкерелеуде

ДЕЛИ, 9 декабрь. (ТАСС). «Хиндустан стандарт» газетінің хабарына қарағанда, американ-португалия мазмұнамасына және Даллестің 6 декабрьдегі мәлімдемесіне байланысты кәсіподақтардың Бүкіл Индиялық конгресінің бас секретары Ш. А. Данге мәлімдеме жариялап, онда «американ империалистерінің мәлімдемесі олардың Индияның досы болып табылмайтындығын көрсетеді. Мәлімдеме август айында Индияның бейбіт қарсылық көрсету қозғалысына қатысушыларды өлтірген кезде Гоадағы португалдық басқыншыларды кімнің қолдағандығын көрсетеді. Кәсіподақтардың Бүкіл Индиялық конгресі Индияның барлық кәсіподақтарына Даллестің мәлімдемесіне бірлесіп қарсы шығуға және Гоаның азат етілуін талап етуге шақырады. Гоаны азат етуге көмектесу комитеті бүкіл Индияда қарсыласу қозғалысын ұйымдастыруға және 26 январьда Гоаға 10 мың адамды— бейбіт қарсыласу қозғалысына қатынасусыларды жіберуге тиіс» деп атап көрсетілген.

Халықтық-социалистік партиясы Дели штаты ұйымының атқару комитеті Даллестің мәлімдемесін әшкерелейтін қарар қабылдаған.

Мазмұндама мен Даллестің мәлімдемесі Гоаны португалдық үстемдіктен азат ету жолында күресуші ұлттық-азаттық қозғалыстың гоалық қатысушылары тобы арасында ыза-кек тудырды. «Нейшл терральд» газетінің хабарына қарағанда, Гоаның Ұлттық конгресс партиясының председателі Альварс американ-португалия мазмұнамасы азаттық жолында күресуші отарлық халықтарды АҚШ-тың қостамайтындығын көрсетеді деп мәлімдеді; Альварс Гоаны азат ету жолындағы күресуші күшейтуге шақырған.

«Таймс оф Индия» газетінің хабарлауына, Гоа Халық партиясының секретариаты мазмұндаманы Гоа халқын тікелей кемсітушілік деп сыпаттайды.

Президент Сукарноның мәлімдемесі

ДЖАКАРТА, 9 декабрь. (ТАСС). Газеттерде президент Сукарноның оның Борнеодағы Понтианактегі бұқаралық митингте жасаған мәлімдемесі жарияланды. Сукарно толық азат етілуі жолындағы отаршылдықты жою, Батыс Прианды республикаға қосу жолындағы күресте ұлттық бірлікті нығайтудың маңыздылығын атап көрсеткен.

«Берік ұлттық бірлік жасау үшін деп, — атап көрсетті Сукарно, — бүкіл халықтың өкілдері болып табылатын ұлттық, діни және мәртебесі топтардың тұрақты ынтымағын ұйымдастыру қажет». Сукарно сонымен қатар Коммунистік

Қазақ аударар емес. (№ 1 сурет). Тек тәрбиеші жасаған ескерту.

Қазақ аударар емес. (№ 1 сурет). Тек тәрбиеші жасаған ескерту.

және сөзін жазған И. ПАСЕЧНЫЙ.

Жас кітапханашы

Қорлан Шәмшитова орта мектепті бітірген соң селолық жерде жұмыс істеуді қалаған еді. Аудандық комсомол комитеті мен мәдениет бөлімі оның бұл тілегін қанағаттандырып, Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы селолық кітапхана үйінің меңгерушісі етіп тағайындаған болатын.

Жас кітапханашы өзіне жүктелген міндетті ойдағыдай атқаруда. Ол еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуді кәсіргі талаптарға сай ұйымдастыра алып отыр. Сондықтан да колхоз мүшелері жас кітапханашыны зор құрметке бөлеген.

С. ӘБІЛҚАСОВ.

ры қойылған.

РУМЫНИЯ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАДЫ

БУХАРЕСТ, 9 декабрь (ТАСС). Газеттер Румыния Халық Республикасы Министрлер Советі жанындағы орталық статистика басқармасының хабарын жариялап, онда өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен бесінші бесжылдықтың 1951-1955 жылға белгіленген тапсырмасы 10 ноябрде мерзімінен бұрын орындалғандығы айтылған.

ай ол ақпандағы болса, онда ақпандағы тай төлеуді бірқатар жылдарға ұзартуға келісті.

Польшаның Франция үкіметіне наразылығы

ВАРШАВА, 9 декабрь. (ТАСС). Мұнда жуырда Франция полициясы Батыс Берлинде поляк дипломатын, Берлиндегі поляк соғыс миссиясының екінші секретары Ч. Калиньскийді тұтқынға алды деп хабарланды. Бұл тұтқынға алу жалпыға белгілі норманы бұзғандық және Франция

бұлағын мен П. С. Хрущев Совет Одағы халқының атынан бұл тартуды ризалықпен қабыл алды.

мен Польша арасындағы қатынастарды шиеленістіруге бағытталған деп атап көрсетілуде.

Осыған байланысты Поляк Халық Республикасының үкіметі Франция үкіметіне наразылық білдірді және Ч. Калиньскийді тезінен босатуды талап етті.

партияның позициясына тоқталды. Ол парламент сайлауларында сайлаушылардың 20 проценті Коммунистік партияға дауыс берді дегенін айтты. Сайлаушылардың бұл 20 процентінің халықтың ұлттық майданын құруға қатысуға тиіс екендігі, деді онан әрі Суварно, түсінікті. «Егер бізге біртұтас ұлттық майдан құруға мүмкіндік болса, біз толық тәуелсіздікке, Батыс Ирианды қосауға және халықтың әл-ауқатын көтеруге тез жете алатын бола аламыз». Суварно «отаршылдыққа және империализмге қарсы күресуші» Азия мен Африканың елтерімен достықты нығайтуға шақырды.

ТҮРІК КОРАБЛЬДЕРІ ГРЕК

БАЛЫҚШЫЛАРЫН АТҚЫЛАДЫ

АФИНЫ, 9 декабрь. (ТАСС). Баспасөз кеше Родос аралында түріктің соғыс кораблі грек суларында балықшы қайықтарын атқылады деп хабарлады. Бір балықшы өлген, екіншісі қатты жараланған. Бұдан кейін түрік кораблі гректің қайығын түріктің Каш портына (Анди-филон) еріксіз алып кеткен.

«Элефтерия» газеті бұл әрекеттер Родос аралында наразылық тудырды деп жазды. Газет Түркия антигектік қыймылдарды қайта тудырып отыр деп есептейді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

«САДКО»

Сеанстар күндізгі сағат 11, 1-де басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҚАНДЫ ЖОЛДАР»

Сеанстар кешкі сағат 3, 5, 7, 9, 11-басталады.

Қарағанды облысындағы ФЗО және кен өнеркәсібі мектептеріне оқушылар қабылданады. Оқуға 16 жастан 26 жасқа дейінгі азаматтар алынады. Мектептер маман құрылысшы және кен жұмысшыларын даярлайды.

Оқуға қабылданғандардың барлығы да толық мемлекет қамтуында болады.

Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде қалалық Советтен немесе еңбек резервтері басқармасынан, ал селолық жерлерде аудандық атқару комитеттерінен түсінік алуға болады.

Қуаныш әкелген почтальон

Почтальон «Талапкерден» шыққанда бет шымылғандай шымыр аязы болмаса күн ашық еді. Бұл аязды үлкен қара тұлыпты қаусырына киіп алған почтальон сезетін де емес. Ол аспанға қарап, күн көзінің бұлдырлана қызырып, тарамдана құлақтанып тұрғанын көргенде және атың туяғы мен шана табанының құлақ тұндырарлықтай сықырлаған дыбысын естігенде ғана:

—Ия, бүгін күн суық екен, —деп шамалайды.

Минут өткен сайын аяз күшейе түсті. Тіпті атымыздың түсі-түгі қара жылқы болса да, қырау басып, ол шағаладай ашпақ болып кетті. Оның танауынан шыққан деп паровоздың буындай будақтайды. Ол бу аспанға көтерілген сайын ақша бұлтқа ұқсап, қалқып береді. Мұны көрген почтальон:

—О...О... Осы күн манағыдан да суытып барады-ау, —деп қояды.

Жол орталыққа әлі жеткеніміз жоқ. Бұған мазасызданған почтальон андасанда дөңбені қағып-қағып қалады. Сөйткенде атымыз денесін жыйнап алады да, алға ұмтыла жетеді. Аттың мұңысына сүйсініп почтальон дөңбені шананың басына іле салып:

—Нә... жарық... нә... қоса түс желісті, тез жетейік те! —дейді.

Жер асылы Есілдің бойымен сырғып келе жатқанымызға бірталай уақыт болып қалды. Міне, алдыңның бір қыраттау дөңіне көтеріліп келеміз. Осы дөңді жол орталығы десетін жолаушылар. Оның ылдйына түсе бергенде-ақ Октябрь селосы, совхоздың орталық усадьбасы көрінеді деуші еді олар. Айтса айтқандай, усадьба да көріне бастады. Бірақ әлі едәуір жер — бес-алты километр.

Сибирьде ауа райының құбылмалы болатыны қандай. Қардан ақ көрпесін жа-

мылып, тыныш жатқан ерке Есілде боранның түтеп бермесі бар емес пе. Әбәтте жел көтеріліп, сырпа боран күшейді де кетті. Оның үстіне біресе қыйыршықтап, біресе жапалақтап жауған қар төпелеп, аспан әлемін көрсетпей тұр. Кенеттен соққан бұл боранның күштілігі сонша, атымыздың доғасы да көрінбейді.

—Қап... кап... мына көреметке дауа болмас па, ұйтқы! соғуын, — деп қояды почтальон боранға қақала сөйлеп.

Күн балшай нысаналы жерге жетіп қалам ба деген почтальонның ойына мылқау табиғаттың мынасы үлкен кедергі жасады. Суылдай, үлдей соққан боран шананың алқымына қарды тығыш жаттыр. Манағы сайрап жатқан даңғыл жолда енді жоба жоқ. Келе жатқан беталыстан ат әлсін- әлсін бұрыла береді. Почтальон енді дөңбені қолдан мүлдем түсірмейтін болды. Шамалап келе жатқан жөнінен бұрылып кетем бе деген хауш оның ойына орала береді. Сондықтан болса керек, жобаны да, атты да қадағалап, аңдыды да отырды ол.

Бұл жолдың тағы бір шатағы сол болды. Біздің алдымызда ғана трактор жүріп кетіпті. Өзі трактордың да бір үлкені болса керек, жолды тілімдеп тастапты. Қай жарымызға қарасақ та, трактор табаны қопарған қар бейне өгіс орнына соққан аққаладай төңкеріліп жатыр. Осыларды басакөктеп келе жатқан атымыз да шаршаған, қолтығы дірілдей бастаған.

Оны сезген почтальон шанадан түсіп, аттың көзін сыйпап, қырауын, танауын сыйпап қатқан мұзын түсірді. Біраз кідіріп тынықтырды. Кіншекне шөп жүлгізді. Сөйтіп тағы жүріп кеттік.

—Япырай, мына боран толастамады-ау, ә, —деген сөзді почтальон назаланған пішінмен айтты да, қар басқан сумка-сумка газеттер мен хаттарды, жәшік-жәшік посылкаларды қағып-қағып қойды, олар-

ды қардан тазартып, енді қар түсірмейін дегендей үлкен тулыбының етегін жайып жапты.

—Бұлардың ішінде талай- талай қуанышты хабарлар да, жақсы-жақсы хаттар да келе жатыр, —дейді почтальон, бізге қарап. —Мелері асыға күтіп отырған болар. Мені осы жұмысқа сеніп қойды ғой, олардың хаттарын да, газеттерін де, посылкаларын да бүлдірмей апаруым керек.

Осылайша мылқау табиғаттың тілсіз күшімен алысып келе жатып, совхозға да жетіп қалыппыз. Бір жақсысы сол —боран қатты болса да кешікпей, кезінде жетіппіз. Бұған почтальон да разы. Ол көңілді сөйлеп, әкелгенін жұртқа қолма-қол тарағып жатыр.

—Молдағали Шәріпович, маған не бар?

—Қандай газетті әкелдің?

—Хат бар ма, тез беріңізші?

—Посылка келуге тиісті еді, бар ма екен?

Осылай дескен тың игерушілер почтальон —Молдағали Шәріповты ортаға алулы. Молдағали абыржыйтын емес, әрқайсысына байыппен жауабын да беріп, хат-хабарын да үлестіру үстінде.

—Мә, саған хат керек болса, —деп Молдағали, сыртында «Ткаченко Надежде Тимофеевне» деген жазуы бар бір үлкен конвертті 22-23 жас шамасындағы, сұңғақ бойлы, ақжүзә жүзді, мәлдір қара көзді, көркемше қызға ұсына берді.

Қыз қолын соза бергенде Молдағали хатты оған тез бере қойған жоқ.

—Жоқ болмайды, әуелі біле, содан соң берем.

Қыздың қуанғаны сонша, Молдағалидың сөзін екі қылған жоқ. билеп кетті. Мұны көрген жастар қол соғып:

—Тағы- тағы, билей түс, —деп қостанды оны. Осыдан кейін Надежда Молдағалидан көп хатты өз қолына алып, басқа-

ларды да билетіп барып берді. Сөйтіп осы сәтте почтальонның жанында қуаныш билері билейтін, бейне үлкен концерт берілгендей болып жатты.

Жастар әлі тараған жоқ. Олар бір-бірінің қуанышына ортақтасып, бірінің хатын бірі оқысып отыр. Кейбір хаттардағы «Оттан ыстық жастық жүректен», «Өзіңнің сенімді сүйіктіңнен», «Жездесуді асыға күтемін» деген әсерлі сөздер жастарды терең ойға шомытады. Белоруссия, Брянск ауданы, Сталин атындағы колхоздан дәрігер Надеждаға келген хатта былай делінген:

«...Надежда! Біз өзің бардағыдай жақсы тұрамыз. Астық мол, үй жылы, киім жақсы. Өзіміз колхозда жұмыс істейміз. Інің Федор армиядан келді. Енді сіздің совхозға тың игеруге барамын деп жүр...

Папаң —Тимофей, Мамаң —Екатерина».

—Өте жақсы хабар, бұл бізге тағы да бір механизатор келді деген сөз. Мен кел деп хат жазғым келеді жігіттер, дұрыс па, —деген Надежданы жолдастары бірауыздан қуаттады.

Ендігі бір хатты тракторшы Борис Петров оқыды. Ондағы:

«...Борис! Қарындасың Дүся босанып, ер бала ташты. Ертең нәрестенің үйге келу тойын жасаймыз...

Жездөң —Максим» деген сөздер оқығанда Бористің екі беті қызырып, өңіндегі зор қуаныштың ізі көрініп тұрды. Қуанбағанда ше! Жалғыз қарындасының аман босануын жатса-тұрса да тілейтін ол, міне, жақсылық хабарды естіп отыр. Енді жиені де бар.

—Қуаныш әкелген почтальон — Молдағали Шәріпович, —деді бір кезде Тамара алтындай жаттылдаған сары шашын бес саусағымен кейін қарай қайыра тастап, —енді бізден де қуаныш ала кетіңіз. Оның бұл сөзін түсіне қойған Надежда: —Сенің қуанышың белгілі ғой, Мару-

ся, —дей бергенде Тамара —оның сөзін іліп әкетті.

—Ия оны қайдан біле қойдың, сезімталдың-ай. Осы бір хабарды Марусяның ата-анасына хабарлауды өзіме бөрыш санап жүруші едім. Маруся ұялса керек, өз қуанышын әлі хабарламапты ғой туыстарына, —деп Тамара қолындағы ашық хатты көрсетті.

«Құрметті нағашыларымыз — Иван және Мария! Біз аманбыз. Маруся совхоздың шофері болып істейтін өзіндей бір жас жігітке тұрмысқа шықты. Дирекция екеуіне екі бөлмелі жаңа үй берді. Өздері тауық, қаз сатып алды. Енді сыйыр алғалы жүр. Қонаққа келіңіздер. Мұнда өте көңілді...» делінген ол хатта.

Қуаныш әкелген почтальон осы сыяқты көптеген қуанышты хабарларды ала да кетті. Аманкелді атындағы совхоздың бірінші бөлімшесі «Талапкерден» келген ол совхоз орталығында көп бөтелмен жоқ. Жөнекей бөлімшенің бір бригадасы Октябрьден де бірқатар хатты алып, оларды ауданға тез жеткізу үшін асыға аттанды.

—Сау болыңыз, қуаныш әкелген почтальон, —десіп Молдағали Шәріповті тың игеруші патриоттар қадір-құрметпен шығарып салды.

Почтальон байланыс мекемелері жүйесінде онша үлкен қызмет емес деседі. Бірақ ол жауапты қызмет. Бұл жауапты жайды Молдағали Шәріпов жақсы біледі. Совхоз коллективін ол күнде осылай қуантып отырады. Олардың газетін де, журналын да, посылкаларын да, хат-хабарын да қалт еткізбей жеткізіп тұрады. Сондықтан да оны совхоздағылар:

—Өз ісіне ұқыпты почтальон, —деседі.

Ғ. НҰРМОЛДИН,

Приешім ауданы,

Аманкелді атындағы совхоз.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02411

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.